

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 28 желтоқсандағы N 369-IV Заңы.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; 2010 жылғы 24 қарашада "Егемен Қазақстан" және 2010 жылғы 23 қарашада "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне биоотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2010 жылғы 15 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 447-1-баптың бірінші бөлігінде:

бірінші абзац "дискілермен" деген сөзден кейін "не электрондық (цифрлық) тахографтарды қолданған жағдайда электрондық карточкаларды пайдаланбай" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жолаушыларды, багажды облысаралық, ауданаралық (облысшілік қаларалық) және ауданішілік автомобильмен тасымалдауды жүзеге асырған кезде жүгізушілердің еңбек және демалыс режимін күнделікті тіркеу парақтарын жүргізбей автокөлік құралдарын пайдалануы, -";

2) мынадай мазмұндағы 447-5-баппен толықтырылсын:

"447-5-бап. Республикаішілік қатынаста жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асырған кезде автокөлік құралдары жүргізушілерінде тасымалдау шартының болмауы

Республикаішілік қатынаста жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асырған кезде автокөлік құралдары жүргізушілерінде тасымалдау шартының болмауы, -

айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

3) 479-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"479-бап. Жолаушыларды билетсіз алып жүру

Жолаушыларды билетсіз алып жүру:

1) халықаралық авиамаршруттарда ұшуды орындайтын әуе кемелерінде - он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

2) ішкі авиамаршруттарда ұшуды орындайтын әуе кемелерінде, - сегіз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

3) халықаралық қатынастағы поезддарда – жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

4) республикаішілік қатынастағы поезддарда – бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

5) халықаралық қатынастағы теңіз кемелерінде – жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

6) республикаішілік қатынастағы теңіз кемелерінде – алты айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

7) халықаралық қатынастағы өзен кемелерінде – алты айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

8) республикаішілік қатынастағы өзен кемелерінде – бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

9) трамвайда, троллейбуста, қалада және қала маңында қатынайтын автобуста және маршрутты таксиде –

бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

10) халықаралық, облысаралық қалааралық, ауданаралық (облысшілік қалааралық) және ауданішілік қатынастағы автобуста –

жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

4) 548-баптың бірінші бөлігі, екінші бөлігінің үшінші абзацы "447-4," деген цифрлардан кейін "447-5," деген цифрлармен толықтырылсын.

2. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 13, 99-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 79, 83-құжаттар; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 14, 105-құжат; № 15, 106, 109-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 17, 139-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 15-16, 64-құжат; № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат):

115-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"115-бап. Автомобиль көлігінің жері

1. Автомобиль көлігі қажеттеріне арналған жерге:

1) автомобиль жолдарына, олардың конструкциялық элементтері мен жол ғимараттарына және олармен технологиялық байланысқан құрылыстар мен ғимараттарға;

2) автовокзалдар мен автостанцияларды, автомобиль көлігінің басқа объектілерін және жер беті мен жерасты үйлерін, құрылыстарын, ғимараттарын, құрылғыларын пайдалану, күтіп-ұстау, салу, қайта жаңғырту, жөндеу, дамыту үшін қажетті жол шаруашылығы объектілерін орналастыру үшін;

3) автомобиль жолдарына бөлінетін белдеулерді белгілеу үшін бөлінген жер жатады

2. Автомобиль көлігінің қажеттері үшін бөлінетін белдеуге арналған жер учаскелері жолдың санатына байланысты және жобалау құжаттамасына сәйкес белгіленген нормалардың негізінде беріледі.

3. Тұрғын халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және автомобиль жолдарын пайдалануға жағдай жасау үшін жолда жүру қауіпсіздігінің талаптары ескеріле отырып, оларды пайдаланудың ерекше режимі белгіленіп, ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдарына бөлінетін белдеулерге екі жағынан іргелес жатқан жер учаскелері түрінде жол бойындағы белдеулер жасалады.

Жол бойындағы белдеудің мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары жеке және заңды тұлғаларға уақытша жер пайдалануға беруі мүмкін.

4. Жол қызметі, сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін, жол полициясы, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау, кеден қызметі, шекаралық, көліктік

бақылау бекеттерін, ветеринариялық және фитосанитариялық бақылау бекеттерін қоспағанда, ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдары бойынан бөлінген жер белдеулерінің шегінде ғимараттар мен құрылыстар салуға, сондай-ақ инженерлік коммуникациялар төсеуге тыйым салынады.

Құрылысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын жол қызметі объектілерін және жол сервисі объектілерін қоспағанда, ортақ пайдаланудағы автомобиль жолы бойындағы жол белдеуінде ғимараттар мен құрылыстар салуға тыйым салынады."

3. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 17, 141-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 19, 147-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 15-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат):

1) 105-бапта:

2-тармақ алып тасталсын;

3-тармақтағы "кеме қатынасы үшін ашық" деген сөздер "кеме жүруі, әуе кемелерінің ұшуы (қонуы) үшін пайдаланылатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 125-баптың 3-тармағының екінші бөлігіндегі "су объектілерінде" деген сөздер "су жолдарында" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 1, 1-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 11-12, 55-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат):

257-баптың 2-тармағының 1) тармақшасындағы екінші сөйлем "тасымалдауды" деген сөзден кейін ", навигациялық жағдайды бақылау құралдарын қоюды, ауыстыруды, алуды және тексеруді" деген сөздермен толықтырылсын.

5. 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 9, 65-құжат; № 19, 147-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122, 134-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 48-құжат):

212-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"212-бап. Вахтаның ұзақтығы

1. Объектіде жұмыс орындау уақытын және ауысымаралық демалыс уақытын қамтитын кезең вахта болып есептеледі.

2. Вахтаның ұзақтығы күнтізбелік отыз күннен аспауға тиіс.

Теңіз кемелері экипаждарының мүшелері үшін қызметкердің келісімімен вахтаның ұзақтығы күнтізбелік бір жүз жиырма күнге дейін ұзартылуы мүмкін."

6. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат;):

1) 54-баптың 1-тармағы 10) тармақшасының екінші абзацындағы "(қалааралық) қатынастар" деген сөздер "(облысшілік қалааралық), сондай-ақ қала маңындағы темір жол қатынастары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 55-баптың 1-тармағы 10) тармақшасының екінші абзацындағы "ішкі" деген сөз "қалалық және қала маңындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 56-баптың 1-тармағы 8) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"темір жол қатынасын қоспағанда, әлеуметтік мәні бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын ұйымдастыру;"

7. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Салық кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат):

528-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі – жол органы) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен белгілі бір мерзімге беретін құжат негізінде, жалпыға ортақ пайдаланылатын халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде жарнама объектілерін орналастыру кезінде, ал тиісінше облыстың немесе ауданның жергілікті атқарушы органы беретін құжат негізінде облыстық немесе аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде жарнама объектілерін орналастыру кезінде;"

8. "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 15, 201-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 186-құжат; 1998 ж., № 24, 447-құжат; 2001 ж., № 23, 309, 321-құжаттар; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; 2004 ж., № 18, 110-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 15, 63-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 14, 89-құжат; № 24, 148-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 17-18, 114-құжат):

1) 8-баптың бірінші бөлігі "басқару" деген сөзден кейін "және өзін-өзі басқару" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 9-бапта:

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Рентабельділігі қолданылып жүрген реттелетін тарифтермен қамтамасыз етілмейтін жолаушылар тасымалын ұйымдастыру жөнінде шешімдер қабылдаған мемлекеттік органдар тасымалдаушылар залалдарын субсидиялауды бюджет қаражаты есебінен:";

бесінші бөліктегі "республикалық бюджет қаражаттары" деген сөздер "бюджет қаражаттары" деген сөздермен ауыстырылсын.

9. "Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы" 1996 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 14, 273-құжат; 2001 ж., № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; № 12, 82-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2008 ж., № 13-14, 54-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 23, 100-құжат):

15-баптың 1-тармағының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"кемінде үш жыл жүргізушілік стажы, оның ішінде кемінде бір жыл "С" санатына жататын көлік құралдарын жүргізу стажы бар, жиырма бір жасқа толған адамдарға – жүргізушінің орнын қоспағанда, сегізден астам отыратын орындары бар және жолаушылар тасымалдауға арналған автомобильдерді ("Д" санаты), троллейбустар мен трамвайларды жүргізуге;".

10. "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 2-3, 25-құжат; 2001 ж., № 20, 258-құжат; 2002 ж., № 5, 50-құжат; 2004 ж., № 5, 29-құжат; № 13, 74-құжат; 2005 ж., № 17-18, 73-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 12, 86-құжат; № 13, 100-құжат; № 19, 147-құжат; 2008 ж., № 13-14, 55-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; № 22, 94-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29-құжат):

3-1-баптың 11) тармақшасы алып тасталсын.

11. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 17-құжат; № 9, 86-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 103-құжат; 2004 ж., № 10, 56-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 142-құжат; № 24, 144-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 13, 86, 87-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 99-құжат; № 18, 113-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 14-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 17, 139-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114, 124-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 9-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар):

1) 27-баптың 1-тармағының 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"13) Қазақстан Республикасының көлік саласындағы заңнамасына сәйкес жолаушылар тасымалын ұйымдастырады;"

2) 31-баптың 1-тармағының 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) Қазақстан Республикасының көлік саласындағы заңнамасына сәйкес жолаушылар тасымалын ұйымдастырады;"

12. "Автомобиль жолдары туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 246-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 14, 89-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат):

1) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) автомобиль жолдарын басқарушылар – автомобиль жолдарының меншік иелері болып табылатын немесе автомобиль жолдарын шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығымен, сондай-ақ жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық немесе аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын немесе олардың учаскелерін өтеусіз пайдалану шартына сәйкес басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;

2) автомобиль жолдарын пайдаланушылар – жол қозғалысына қатысушылар болып табылатын немесе автомобиль жолдарына бөлінген белдеу мен жол бойындағы белдеу шегінде өзге де қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;

3) автомобиль жолы – автомобильдердің және басқа да көлік құралдарының белгіленген жылдамдықпен, жүктемелермен, габаритпен үздіксіз, қауіпсіз жүрісін қамтамасыз ететін, автомобильдер жүрісіне арналған инженерлік құрылыстар кешені, сондай-ақ осы кешенді орналастыру үшін берілген жер учаскелері (көлік жерлері) және олардың үстіндегі белгіленген габарит шегіндегі әуе кеңістігі;

4) автомобиль жолын ағымдағы жөндеу - маршруттық тәсілмен орындалатын, бұзылған учаскелерді жөндеу жөніндегі іс-шараларды қоса алғанда, бүкіл жыл бойы жүргізілетін, автомобиль жолдарында авариялық жағдайлар, ақаулар туындауының алдын алу, сондай-ақ автомобиль жолын шұғыл қалпына келтіру және жөндеу тәртібімен орындалатын жұмыстар кешені;

5) автомобиль жолын жөндеу – ағымдағы, орташа және күрделі жөндеулерді қамтитын, автомобиль жолы ақауларының алдын алу және оларды жою, сондай-ақ көліктік-пайдалану сапаларын қалпына келтіру және жақсарту жөніндегі жұмыстар кешені;

6) автомобиль жолын күрделі жөндеу – қолданыстағы техникалық санатын өзгертпей, автомобиль жолының көліктік-пайдалану сипаттамаларын қалпына келтіру және (немесе) жақсарту жөніндегі жұмыстар кешені;

7) автомобиль жолын күтіп ұстау – автомобиль жолын тиісті техникалық жай-күйде ұстау, оның техникалық жай-күйін бағалау жөніндегі, сондай-ақ жолда жүру қауіпсіздігін ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар кешені;

8) автомобиль жолын орташа жөндеу – автомобиль жолының бастапқы пайдалану сапаларын және жол құрылыстарын қалпына келтіруге байланысты жұмыстар кешені;

9) автомобиль жолын реконструкциялау – автомобиль жолын немесе оның жекелеген учаскесін неғұрлым жоғары техникалық санатқа ауыстыра отырып, көліктік-пайдалану сапаларын, қозғалыс қауіпсіздігі мен қолайлылығын арттыруды қамтамасыз ететін жұмыстар кешені;

10) автомобиль жолының ұзындығы – километрлік белгілер бойынша нақты (жергілікті жерде) көрсетілген, объектілердің немесе елді мекендердің арасындағы жолдың нақты ұзындығы;

11) ақылы автомобиль жолдары – өздеріне қатысты ақылы негізде пайдаланылу туралы шешім қабылданған және онымен жүргені үшін ақы алынатын автомобиль жолдары;

12) ауыр салмақты көлік құралы – толық массасы немесе жүктеменің оның осі бойынша бөлінуі осы жол санаты мен ондағы құрылыстар үшін рұқсат етілген шекті жүктеме мөлшерінен асатын, жүгі бар немесе жүксіз көлік құралы;

13) габариті ірі көлік құралы – нормативтік құқықтық актілерде белгіленген габарит мөлшерінен асатын, жүгі бар немесе жүксіз көлік құралы;

14) жол бойындағы белдеулер – көлік жүрісін және халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шекарасында жер пайдаланудың ерекше шарттары белгіленетін, автомобиль жолдарына бөлінген белдеуге жалғасып жатқан жер учаскелері;

15) жолға бөлінген белдеу – автомобиль жолдары алып жатқан, автомобиль жолының тиісті құрастырмалы элементтері мен инженерлік құрылыстарын, сондай-ақ оларды пайдалану үшін қажетті ғимараттарды, құрылыстарды, қорғаныштық және әсемдік орман екпелерін отырғызуға және жол байланысы құрылғыларын орналастыруға арналған көлік жерлері;

16) жол қызметі – автомобиль жолдарын және олардағы құрылыстарды жобалау, салу, реконструкциялау және жөндеу, сондай-ақ оларды күтіп ұстау мен пайдалану жөніндегі қызмет;

17) жол қызметін басқару – жолдардағы қозғалысты ұйымдастыруға және қауіпсіздік пен қолайлылықты қамтамасыз етуге, автомобиль жолдары мен құрылыстардың көліктік-пайдалану жай-күйін арттыруға, оларды қорғау тәртібін қамтамасыз етуге, нормативтік құқықтық актілерде белгіленген мемлекеттік стандарттар мен озық технологияларды енгізу негізінде автомобиль жолдарын жобалауды, салуды, реконструкциялауды, жөндеуді, күтіп ұстауды және пайдалануды ұйымдастыруға бағытталған іс-шаралар кешені;

18) жол қызметінің объектілері – жол-пайдалану кешендері, пайдалану қызметінің қызметкерлеріне арналған тұрғын үйлер, автобус аялдамалары, павильондар, демалыс алаңдары, автомобильдердің қысқа уақыт тоқтауына арналған алаңдар, автомобильдерді техникалық қарауға арналған құрылғылар, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған құрылыстар мен құрылғылар, орман алқаптары, көпірлерге қызмет көрсету әрі оларды қорғау пункттері, технологиялық және авариялық шақыру байланысының құрылғылары;

19) жол органдары – жалпыға ортақ пайдаланылатын мемлекеттік автомобиль жолдарын басқаруды жүзеге асыратын автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган, оның аумақтық органдары;

20) жол сервисі объектілері – қонақ үйлер, мотельдер, кемпингтер, автожанармай құю станциялары, техникалық қызмет көрсету станциялары, тамақтандыру және сауда пункттері;

21) көше (көшенің көлік жүретін бөлігі) – елді мекендер шекарасының шегіндегі автомобиль жолы.";

2) 2-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бап. Қазақстан Республикасының автомобиль жолдары туралы заңнамасы";

1-тармақтағы "жол қызметін реттейтін" деген сөздер алып тасталсын;

3) 3-бапта:

1-тармақтағы "қалалар мен" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақта:

2) тармақшадағы "республиканың ірі әкімшілік, мәдени және экономикалық орталықтары, сондай-ақ көршілес мемлекеттер арасында көлік қатынасын қамтамасыз ететін автомобиль жолдары және" деген сөздер "республиканың және көршілес мемлекеттердің әкімшілік, мәдени және экономикалық орталықтары арасында көлік қатынасын қамтамасыз ететін автомобиль жолдары, сондай-ақ" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-1) тармақша алып тасталсын;

4-тармақтағы "Қалалар мен елді" деген сөздер "Елді" деген сөзбен ауыстырылсын;

7-тармақта:

екінші бөлігінде:

бұл өзгерістің мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

"облыстық атқарушы органдар" деген сөздер "облыстың жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбелерін аудандардың жергілікті атқарушы органдары облыстардың жергілікті атқарушы органдарымен келісім бойынша бекітеді.";

8-тармақтағы "қалалар мен" деген сөздер алып тасталсын;

4) 4-бапта:

мынадай мазмұндағы 2-2-тармақпен толықтырылсын:

"2-2. Жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық немесе аудандық маңызы бар автомобиль жолдары немесе олардың учаскелері Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына (несие алушыларға) жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық немесе аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын немесе олардың учаскелерін өтеусіз уақытша пайдалану шартына сәйкес өтеусіз уақытша пайдалануға берілуі мүмкін.";

5-тармақтағы "Қалалардың және елді" деген сөздер "Елді" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) мынадай мазмұндағы 4-1-баппен толықтырылсын:

"4-1-бап. Жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық немесе аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын өтеусіз уақытша пайдалануға беру

1. Жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық немесе аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын немесе олардың учаскелерін өтеусіз уақытша пайдалануға беру туралы шешімді несие алушы өтінішінің негізінде тиісінше облыстың немесе ауданның жергілікті атқарушы органы (несие беруші) қабылдайды.

2. Жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық немесе аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын немесе олардың учаскелерін өтеусіз уақытша пайдалану құқығы бес жылға дейінгі мерзімге беріледі. Өз міндеттерін тиісті түрде атқарған несие алушы шарттың мерзімі өткеннен кейін талаптар тең болған өзге жағдайда жаңа мерзімге шарт жасасуға басқа тұлғаларға қарағанда басым құқыққа ие болады.

3. Жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық немесе аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын немесе олардың учаскелерін өтеусіз пайдалану шартына сәйкес несие алушы:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес көрсетілген автомобиль жолдарын жарамды техникалық жай-күйде ұстауға және оларға жөндеу жүргізуге;

2) өз есебінен жалпы қауіпсіздік талаптарын сақтауға;

3) оның өн бойында көлік құралдары қозғалысының жол берілетін жылдамдық режимін қамтамасыз ете отырып, кедергісіз, қауіпсіз, тегін жол жүруді қамтамасыз етуге міндетті.

4. Жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық немесе аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын реконструкциялау және жөндеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге жол полициясы органдарының келісімімен облыстың немесе ауданның жергілікті атқарушы органы берген рұқсат болған кезде жол беріледі.

5. Жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық немесе аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын немесе олардың учаскелерін өтеусіз уақытша пайдалануға беру Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен үлгі шарттың негізінде ресімделеді.";

6) 6-бапта:

2-тармақтың төртінші және бесінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының атаулары мен индекстерін облыстардың жергілікті атқарушы органдары автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша бекітеді.

Жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының атаулары мен индекстерін аудандардың жергілікті атқарушы органдары облыстардың жергілікті атқарушы органдарымен келісім бойынша бекітеді.";

3-тармақтың үшінші бөлігіндегі "Қалалар мен өзге елді" деген сөздер "Елді" деген сөзбен ауыстырылсын;

7) 7-баптың 1-тармағының екінші сөйлеміндегі "жол органдарына тұрақты немесе уақытша пайдалануға" деген сөздер "жол органына – жерді тұрақты пайдалануға, жол салуды, реконструкциялау мен жөндеуді жүзеге асыратын қызмет көрсетушілерге – жерді уақытша пайдалануға" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 8-бапта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Салынуы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын жол қызметі объектілері мен жол сервисі объектілерін қоспағанда, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бойындағы белдеуде ғимараттар мен құрылыстар салуға тыйым салынады.";

4-тармақтағы "жол органдарымен" деген сөздер "автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 9 және 10-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Автомобиль жолдарына бөлінген белдеуді пайдалану тәртібі

1. Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына бөлінген белдеу жерлері жол органдарының немесе концессионерлердің иелігінде әрі пайдалануында болады және автомобиль жолдарын дамытуға, көркейтуге ғана арналады.

2. Жол қызметі, сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін, жол полициясы, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау, кеден қызметі, шекара, көліктік бақылау бекеттерін, ветеринариялық және фитосанитариялық бекеттерді қоспағанда, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бойынан бөлінген белдеу шегінде ғимараттар мен құрылыстар салуға, сондай-ақ инженерлік коммуникациялар төсеуге тыйым салынады.

3. Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына бөлінген белдеудің жол органдары немесе концессионер пайдаланбайтын жер учаскелерін:

1) жалпыға ортақ пайдаланылатын халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарына бөлінген белдеуде - автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган;

2) жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық немесе аудандық маңызы бар автомобиль жолдарына бөлінген белдеуде – облыстың немесе ауданның жергілікті атқарушы органы жолдың көліктік-пайдаланылу сапасының төмендеуіне жол бермеуі, көлік құралдары жүрісінің қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтауы шартымен сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру үшін жеке және заңды тұлғаларға уақытша қысқа мерзімді жер пайдалануға беруі мүмкін.

10-бап. Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бойында сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру

1. Сыртқы (көрнекі) жарнама объектісін орналастыруға:

1) жалпыға ортақ пайдаланылатын халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарына бөлінген белдеуде жарнама объектісін орналастыру кезінде – автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган;

2) жалпыға ортақ пайдаланылатын тиісінше облыстық немесе аудандық маңызы бар автомобиль жолдарына бөлінген белдеуде жарнама объектісін орналастыру кезінде – облыстың немесе ауданның жергілікті атқарушы органы беретін құжат болған жағдайда жол беріледі.

2. Бөлінген белдеудің шекарасына қойылатын сыртқы (көрнекі) жарнама, өзге де ақпараттық белгілер мен көрсеткіштер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындалуға және қойылуға тиіс.

3. Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына бөлінген белдеуде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін ақы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес алынады.";

10) 11-бапта:

3) тармақшадағы "автомобиль жолдарын," "ережелерін" деген сөздер тиісінше "Автомобиль жолдарын," "қағидасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-1) тармақшадағы "жатады." деген сөз алып тасталып, мынадай мазмұндағы 8) және 9) тармақшалармен толықтырылсын:

"8) жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық немесе аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын немесе олардың учаскелерін өтеусіз пайдалануға берудің үлгі шартын бекіту;

9) Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы Заңда, өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.";

11) 12-бапта:

2-тармақтың 23) тармақшасындағы "әзірлеу жатады." деген сөздер "әзірлеу;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 24) және 25) тармақшалармен толықтырылсын:

"24) автомобиль жолдары саласындағы нормативтік-техникалық құжаттарды бекіту;

25) автомобиль жолдарын күтіп ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыс түрлерінің жіктелімін бекіту жатады.";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.";

12) 13-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасындағы "тыңдау жатады." деген сөздер "тыңдау;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.";

1-1-тармақтың 5) тармақшасындағы "жүзеге асыру жатады." деген сөздер "жүзеге асыру;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

"6) жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын немесе олардың учаскелерін өтеусіз уақытша пайдалануға беру туралы шешім қабылдау;

7) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.";

2-тармақ мынадай мазмұндағы 7) және 8) тармақшалармен толықтырылсын:

"7) аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын немесе олардың учаскелерін өтеусіз уақытша пайдалануға беру туралы шешім қабылдау;

8) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.";

13) 14-бапта:

1-тармақтың екінші сөйлеміндегі "Қалалар мен өзге де елді" деген сөздер "Елді" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақта:

"мен реконструкциялау" деген сөздер ", реконструкциялау және күрделі жөндеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

"күрделі және" деген сөздер алып тасталсын;

14) 18-баптың 1-тармағының мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

15) 19-4-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі "қалалар мен" деген сөздер алып тасталсын;

16) 25-баптың 1-тармағындағы "автомобиль жолдарын пайдалану ережелерін" деген сөздер "Автомобиль жолдарын пайдалану қағидасын" деген сөздермен ауыстырылсын.

13. "Темір жол көлігі туралы" 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 23, 315-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; 2004 ж., № 18, 110-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 13, 87-құжат; № 14, 89-құжат; № 16, 99-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат):

1) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) алушы – багажды, жүк-багажды немесе почта жөнелтілімдерін алатын және тасымалдау құжаттарында көрсетілген тұлға;

2) арнайы жылжымалы құрам – магистральдық темір жол желісін және кірме жолдарды күтіп ұстау, оларға қызмет көрсету, қалпына келтіру және жөндеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін темір жол көлігі құралдары;

3) арнаулы тасымалдаулар – мемлекет және қорғаныс қажеттеріне арналған арнаулы жүктерді тасымалдау;

4) әлеуметтік мәні бар жолаушы қатынастары – әлеуметтік мәнін:

облысаралық қатынастарда – Қазақстан Республикасының Үкіметі;

ауданаралық (облысшілік қаларалық) және қала маңындағы қатынастарда жергілікті өкілді және атқарушы органдар айқындайтын қатынастар;

5) багаж – жолаушылар немесе почта-багаж поезында тасымалдауға қабылданған, салмағы екі жүз килограмнан аспайтын мүлік;

6) бекіту-пломбалау құрылғылары – вагонмен, контейнермен тасымалданатын жүкке қол жеткізілуіне жол бермеу үшін қолданылатын блок қою құрылғыларымен біртұтас конструкцияда орналастырылған бақылау элементтері;

7) билет кассасы – оларда Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жол жүру құжаттарын (билеттер) сату жөнінде қызмет көрсетілетін, темір жол вокзалдарында және осы ғимараттардан тыс жерлерде орналасқан жол жүру құжаттарын (билеттерді) сату пункттері;

8) вагон – темір жолдармен тасымалдауға арналған өздігінен жүрмейтін тіркемелі көлік құралы;

9) вагондар (контейнерлер) операторы – вагондарды (контейнерлерді) меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде иеленуші және (немесе) тасымалдаушымен жасалған шарт негізінде вагондар (контейнерлер) операторы қызметін көрсету жолымен тасымалдау процесіне қатысатын және тасымалдау құжаттарында көрсетілген тұлға;

10) вагондар (контейнерлер) операторының қызметтері – уәкілетті орган белгілеген тәртіппен шарт негізінде вагондармен (контейнерлермен) қамтамасыз ету, бөлу және вагондар (контейнерлер) қозғалысын басқару жөніндегі қызметтер;

11) габариті ірі (габариттен тыс) жүк – темір жолдың тікелей көлбеу учаскесіндегі ашық жылжымалы құрамда орналастырған кезде габариті жүк тиеу габаритінің ернеуінен сыймай асып тұрған немесе оның геометриялық қиықтағы дөңесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген есептелген нормативтерден асып кеткен жүк;

12) жолаушы – жол жүру құжаты (билеті) бар және поезбен жол жүретін жеке тұлға ;

13) жолаушы агенттігі – тасымалдаушымен шарттың негізінде жол жүру құжаттарын (билеттерін) ресімдеуге қойылатын талаптардың орындалуын қамтамасыз ететін, өзінің сату пункттері арқылы жол жүру құжаттарын (билеттерін) сату жөнінде қызмет көрсететін тұлға;

14) жолаушылар тасымалын басқарудың автоматтандырылған жүйесі – жолаушылар тасымалын орталықтан басқару және орындарды электронды резервке сақтау жүйесі;

15) жол дамытылымы – магистральдық, станция жолдарының, оларды өзара біріктіретін бағыттамамы бұрмалардың, станция мен кірме жолдардың шегінде орналасқан техникалық құралдар мен құрылғылардың жиынтығы;

16) жөнелтуші – багажды, жүк-багажды немесе почта жөнелтілімдерін жөнелтетін және тасымалдау құжаттарында көрсетілген тұлға;

17) жүк – жүк поезында тасымалдауға шарт бойынша қабылданған мүлік;

18) жүк алушы – тасымалдау құжаттарында көрсетілген және жүкті алушы тұлға;

19) жүк-багаж – жолаушылар мен почта-багаж поезында тасымалдауға қабылданған , салмағы екі жүз килограмнан артық мүлік;

20) жүк жөнелтуші – тасымалдау құжаттарында көрсетілген және жүкті жөнелтуші тұлға;

21) жүк жөнелтілімі – бір темір жол көлігі жүкқұжатымен тасымалдауға ұсынылатын жүк партиясы;

22) жүк терминалы – жүк жөнелтушілер мен жүк алушыларға қызметтер кешенін ұсынуға және аралас тасымалдауды жүзеге асыруға арналған кірме жолдағы құрылыстар мен техникалық құралдар кешені;

23) жылжымалы құрам – жолаушыларды, багажды, жүкті, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін темір жолдар бойынша тасымалдауға арналған тартқыш көлік құралдары (локомотивтер), вагондар, өздігінен жүретін және өзге де көлік құралдары;

24) контейнер – жүктерді тасымалдауға арналған көп мәрте қолданылатын әмбебап көлік жабдығы;

25) контрагент – рельс бойындағы қоймаларға, жүк сақталатын алаңдарға, тиеу-түсіру механизмдеріне және (немесе) басқа тармақ иеленушінің кірме жолдарына жалғасатын кірме жолдарға меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде иелік ететін немесе кірме жолдар қызметтерін пайдаланатын тұлға;

26) концессия шарттары бойынша темір жолдар – концессия шарты бойынша салынған және пайдаланылатын әрі магистральдық темір жол желісіне енгізілмеген темір жолдар;

27) концессия шарттары бойынша темір жол көлігінің объектілері – концессия шарты бойынша салынған және пайдаланылатын әрі магистральдық темір жол желісіне енгізілмеген объектілер;

28) концессия шарттары бойынша темір жол көлігі объектілері бар темір жол қызметтері – концессия шарты бойынша салынған және пайдаланылатын темір жол көлігі объектілері бар темір жолдарды пайдалануға беру және олар бойынша жылжымалы құрамды өткізуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтер;

29) кірме жолдар – жүк жөнелтушілерге, жүк алушыларға қызмет көрсетуге арналған және тікелей немесе басқа да кірме жолдар арқылы магистральдық және (немесе) станциялық жолдарға жалғасатын темір жолдар;

30) кірме жолдар қызметтері – тармақ иеленушінің кірме жолдарды пайдалануға беру жөніндегі немесе оның жүк жөнелтушілер мен жүк алушыларға көрсететін қызметтері;

31) қабылдау-тапсыру (беру-шығару) жолдары – қабылдау-тапсыру операцияларын орындау үшін станция немесе кірме жол шегінде вагондарды темір жолдарға шығару-жинау шартында белгіленген темір жолдар;

32) қабылдау-тапсыру операциялары – жүктерді, вагондарды, контейнерлерді қабылдау (тапсыру) кезінде орындалатын, белгіленген тәртіппен құжаттық ресімделген іс-әрекеттер;

33) қауіпті жүктер – өздеріне тән қасиеттеріне байланысты адамдардың, жануарлардың өліміне, жарақаттануына немесе ауруға шалдығуына, жарылысқа, өртке, мүліктердің бұзылуына немесе жойылуына себеп болуы, сондай-ақ қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін жүктер;

34) қол жүгі – жолаушының вагонда өзімен бірге ақысыз тасымалдайтын, салмағы мен габариті бойынша белгіленген мөлшерден аспайтын жеке заттары;

35) локомотив инфрақұрылымының объектілері – тартқыш жылжымалы құрамды пайдалануды әрі жарақтандыруды қамтамасыз етуге және локомотив бригадаларына қызмет көрсетуге арналған объектілер;

36) локомотив инфрақұрылымының операторы – меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде локомотив инфрақұрылымының объектілеріне иелік ететін және локомотивтік тартқыш операторларына қызмет көрсететін тұлға;

37) локомотивтік тартқыш операторы – меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде тартқыш көлік құралына (локомотивке) иелік ететін, оны күтіп ұстауды, пайдалануды қамтамасыз ететін және локомотивтік тартқыш қызметтерін ұсынуға уәкілетті орган берген рұқсаты бар тұлға;

38) локомотивтік тартқыш қызметтері – темір жолдар бойынша тартқыш көлік құралымен (локомотивпен) жылжымалы құрамның орнын ауыстыру жөнінде көрсетілетін қызметтер;

39) магистральдық жолдар – Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жалпыға ортақ пайдаланылатын темір жол көлігінің жұмыс істеуіне және басқа мемлекеттермен темір жол қатынасын қамтамасыз етуге арналған темір жол станцияларын қосатын темір жолдар;

40) магистральдық темір жол желісі – магистральдық және станциялық жолдарды, сондай-ақ электрмен жабдықтау, сигнализация, байланыс объектілерін, құрылғыларды, жабдықтарды, үйлерді, ғимараттарды, құрылыстарды және оның жұмыс істеуі үшін технологиялық жағынан қажетті өзге де объектілерді қамтитын магистральдық темір жол инфрақұрылымы;

41) магистральдық темір жол желісінің қызметтері – магистральдық темір жол желісін пайдалануға ұсыну және онымен жылжымалы құрамды өткізуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтер;

42) магистральдық темір жол желісінің операторы – магистральдық темір жол желісі қызметтерін көрсету және тасымалдау процесін басқару үшін мемлекет құрған ұйым;

43) маневрлік жұмыс – вагондарды өңдеу, сұрыптау, тарқату, тиеуге, түсіруге, жөндеу жолына (жолынан), салмағын өлшеуге әкелу-әкету, поездарды құрастыру, тарқату кезінде олардың орнын ауыстыру, жылжымалы құрамды бір жолдан басқасына ауыстырып қою, локомотивтердің станция шегіндегі қозғалысы, арнайы жылжымалы құрамның, тартқыш көлік құралдарының (локомотивтер немесе моторвагондық жылжымалы құрамдардың) орнын ауыстыру;

44) пайдалану құжаттамасы – темір жол көлігі мен жабдықтарын пайдалану тәртібін белгілейтін құжаттама;

45) поезд – белгіленген сигналдары, вагонсыз локомотивтері, моторлы вагондары мен арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамы бар, бір немесе бірнеше жұмыс істеп тұрған тартқыш көлік құралдары (локомотивтерімен немесе моторлы вагондарымен жылжымалы құрамдары) бар вагондардан құралған әрі түйістірілген, магистральдық темір жол желісі операторы белгілеген маршрут бойынша жүретін вагондар құрамы;

46) салмағы ауыр жүк – массасы мен ұзындығы немесе вагонның жақтауына (еденіне) жүктемесі жүктерді тиеу мен бекітудің техникалық шарттарында белгіленген, әмбебап жылжымалы құрамда тасымалдау кезінде рұқсат етілетін шамадан асатын жүк;

- 47) станциялық жолдар – кірме жолдарды қоспағанда, темір жол станциясының шекарасындағы темір жолдар;
- 48) тармақ иеленуші – меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде темір жолдың кірме жолдарын иеленуші тұлға;
- 49) тасымалдау – тасымалдаушының, магистральдық темір жол желісі операторының, локомотивтік тартқыш операторының, вагондар, контейнерлер операторының және тасымалдау процесіне басқа да қатысушылардың багажды, жүктерді, жүк-багажды, почта жөнелтілімдерін жөнелту пунктінен жеткізу межелеген пунктке апару мақсатында орындайтын өзара байланысты іс-қимылдарының жиынтығы;
- 50) тасымалдауға болатын мерзім – тез бүлінетін багаждың, жүктің, жүк-багаждың сертификатта (сапалық куәлікте) көрсетілген деректер негізге алынып, жолда болуының ықтимал шекті мерзімі;
- 51) тасымалдау қағидалары – тасымалдау процесінің барлық қатысушыларының қызметін және өзара қатынастарын реттейтін нормативтік құқықтық актілер;
- 52) тасымалдау құжаттары – ресімделуі арқылы тасымалдау шарты жасалатын құжаттар (жол жүру құжаты (билет), багаж бен жүк-багаж түбіртегі, темір жол көлігі жүкқұжаты);
- 53) тасымалдау процесі – тасымалдауларды жүзеге асыру кезінде орындалатын ұйымдастырушылық және технологиялық тұрғыдан өзара байланысты іс-әрекеттер мен операциялар жиынтығы;
- 54) тасымалдау процесінің қатысушысы – темір жол көлігі саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлға;
- 55) тез бүлінетін багаж, жүк, жүк-багаж – жарамдылық мерзімі шектеулі және тасымалдау мен сақтаудың ерекше жағдайын талап ететін багаж, жүк, жүк-багаж;
- 56) темір жол вокзалы – халыққа темір жол көлігімен тасымалдау және багажды, жүк-багажды қабылдау-беру жөнінде қызмет көрсетуге арналған үйлер, ғимараттар (жолаушы платформаларын және вокзал өтпелерін қоса алғанда) және басқа да мүлік түрлерінің кешені;
- 57) темір жолдар – жылжымалы құрамның жүруі жүзеге асырылатын жылжымайтын мүлік объектілері (магистральдық, станциялық, кірме жолдар);
- 58) темір жол көлігі – темір жолдармен тасымалдауды қамтамасыз ететін көлік түрі;
- 59) темір жол көлігіндегі тасымалдаушы (бұдан әрі – тасымалдаушы) – жылжымалы құраммен тасымалдауды жүзеге асыратын және тасымалдау құжаттарында көрсетілген тасымалдаушы;
- 60) темір жол көлігінің қорғалатын аймақтары – тасымалдау қауіпсіздігін, темір жол көлігі құрылыстарының, құрылғыларының және басқа объектілерінің сақталуын, төзімділігі мен беріктігін қамтамасыз ету үшін қажетті жер учаскелері;

61) темір жол қатынасы – жөнелту және межелі пункттер арасында темір жол көлігімен жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау;

62) темір жол станциясы – поездар қозғалысын реттеуді, өткізу қабілетін қамтамасыз ететін және оларды қабылдау, жөнелту және (немесе) тоғыстыру, басып озу жөніндегі, жолаушыларға қызмет көрсету, багажды, жүк-багажды, почта жөнелтілімдерін және (немесе) жүктерді қабылдау, беру жөніндегі операцияларды, сондай-ақ маневрлік жұмысты жүргізуге мүмкіндік беретін жол дамытылымы бар, магистральдық жолдарды учаскелерге бөлетін пункт;

63) уәкілетті орган – темір жол көлігі саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

64) Ұлттық тасымалдаушы – мәртебесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, жылжымалы құраммен арнаулы тасымалдауларды орындайтын және жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, почта жөнелтілімдерін және (немесе) жүктерді тасымалдау жөнінде қызметтер көрсететін тасымалдаушы;

65) Ұлттық темір жол компаниясы – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, ұлттық басқарушы холдинг бірден бір акционері болып табылатын, магистральдық темір жол желісін күтіп-ұстауды және пайдалануды жүзеге асыратын, сондай-ақ магистральдық темір жол желісі қызметтерін көрсететін акционерлік қоғам;

66) экспедитор – тасымалдау құжаттарында көлік экспедициясы шартының негізінде тасымалдаудың төлеушісі ретінде көрсетілуі мүмкін, жүк тасымалдауларын ұйымдастыру жөнінде қызметтер көрсететін тұлға.";

2) 2-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасындағы "қызметіне" деген сөз "қызметін ұсынуға және алуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

1) тармақшадағы "желісін" деген сөзден кейін "және жылжымалы құрамын" деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақшадағы "кәсіпкерлікке" деген сөздерден кейін "және жеке инвестицияларды тартуға" деген сөздермен толықтырылысын;

10) тармақшадағы "жәрдемдесу болып табылады." деген сөздер "жәрдемдесу;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) транзиттік және халықаралық тасымалдауларды кеңейту болып табылады.";

3) 3-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өзінің жылжымалы құрамы жоқ тасымалдау процесіне қатысушылар шарттың негізінде локомотивтік тартқыш операторының және вагондар (контейнерлер) операторының қызметтерін пайдаланады.";

4) 4-баптың тақырыбындағы және 1-тармағындағы "заңдар" деген сөз "Қазақстан Республикасының заңнамасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) мынадай мазмұндағы 5-1-баппен толықтырылсын:

"5-1-бап. Темір жолдарды сыныптау

Темір жолдарды сыныптау тәртібін уәкілетті орган жолаушы және жүк поездары қозғалысының жүк сыйымдылығы мен рұқсат етілетін ең жоғары жылдамдықтарының үйлесімділігіне қарай айқындайды.";

6) 6-бапта:

1-тармақтағы "магистралдық темір жол желісін пайдалану ережелерінде" деген сөздер "Магистральдық темір жол желісін пайдалану қағидасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың екінші бөлігіндегі "тасымалдаушылардың магистралдық темір жол желісі көрсететін қызметтерге кемсітусіз қол жеткізу ережелерінде" деген сөздер "Магистральдық темір жол желісін пайдалану қағидасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 6-1-баптағы "магистралдық темір жол желісін пайдалану ережелерінде" деген сөздер "Магистральдық темір жол желісін пайдалану қағидасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) мынадай мазмұндағы 6-2-баппен толықтырылсын:

"6-2-бап. Темір жол қатынастарының түрлері

1. Темір жол қатынастары мынадай түрлерге:

1) жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау;

2) жүк тасымалдау болып бөлінеді.

2. Жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау:

1) халықаралық – Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттер арасында немесе Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен тасымалдау;

2) республикаішілік – Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан жөнелту және межелі станциялар арасындағы тасымалдаулар болып бөлінеді.

3. Әкімшілік-аумақтық белгісі бойынша республикаішілік жолаушылар мен жүк тасымалдау:

1) облысаралық – әртүрлі облыстардағы жөнелту және межелі станциялар арасында жүзеге асырылатын немесе республикалық маңызы бар қалалармен, астанамен елді мекендерді жалғастыратын тасымалдау;

2) ауданаралық (облысішілік қаларалық) – бір облыс шегіндегі жөнелту және межелі станциялар арасындағы тасымалдау;

3) қала маңындағы – елді мекеннің белгіленген шекарасынан бастап есептелетін, ұзақтығы елу километрге дейінгі қала маңындағы аймақты қаламен жалғастыратын маршруттар бойынша тасымалдау болып бөлінеді.

4. Жүктерді тасымалдау:

- 1) халықаралық – Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттер арасында немесе Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен тасымалдау;
- 2) республикаішілік – Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан жөнелту және межелі темір жол станциялары арасындағы тасымалдау болып бөлінеді.";
- 9) 7-баптағы "Үкіметінің шешімі бойынша" деген сөздер "Үкіметі белгілеген тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;
- 10) 8-баптың 5-тармағында:
мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:
"Локомотивтік тартқыш операторы шартқа сәйкес локомотивтік инфрақұрылым операторының қызметтерін пайдаланады.";
екінші бөліктегі "Тартқыш көлік құралының (локомотивтің) иесі" деген сөздер "Локомотивтік тартқыш операторы" деген сөздермен ауыстырылсын;
- 11) 12-бапта:
2-тармақтағы "(қалааралық) және ішкі" деген сөздер "(облысшілік қалааралық) және қала маңындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;
2-1-тармақ "қатынастар бойынша" деген сөздерден кейін "барлық жүру жолында" деген сөздермен толықтырылсын;
- 12) 14-бап мынадай редакцияда жазылсын:
"14-бап. Темір жол көлігіндегі мемлекеттік басқару
1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің темір жол көлігі саласындағы құзыретіне:
1) темір жол көлігін дамыту тұжырымдамасы мен бағдарламаларын бекіту;
2) Ұлттық темір жол компаниясының мәртебесін белгілеу;
3) Ұлттық темір жол компаниясы мен тасымалдаушылардың тасымалдауды жүзеге асыру кезіндегі мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылының тәртібін белгілеу;
4) Магистральдық темір жол желісін пайдалану қағидасын бекіту;
5) Магистральдық, станциялық және кірме жолдарда қозғалыс қауіпсіздігі талаптарының сақталуын тексеру қағидасын бекіту;
6) магистральдық темір жол желісіне кіретін магистральдық жолдардың тізбесін бекіту;
7) Темір жол көлігінің қауіптілігі жоғары аймақтарда жолаушылардың, азаматтардың болуы және объектілерді орналастыру, оларда жұмыс жүргізу, темір жолдар арқылы жүру және өту қағидасын бекіту;
8) арнаулы тасымалдауларды жүзеге асыру тәртібін белгілеу;
9) жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау қағидасын бекіту;
10) темір жол көлігімен тасымалдау кезінде жүктердің әскерилендірілген күзетін қамтамасыз ету тәртібін айқындау;

11) Тасымалдаушының әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыруына байланысты залалдарын субсидиялау қағидасын бекіту ;

12) әлеуметтік мәні бар облысаралық жолаушы қатынастарын айқындау;

13) Залалдары республикалық бюджеттен субсидиялауға жататын әлеуметтік мәні бар облысаралық қатынастар бойынша темір жолда жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау жөніндегі ашық тендер негізінде конкурс өткізу қағидасын бекіту;

14) әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялау көлемдерін айқындау әдістемесін бекіту;

15) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік жолаушылар қатынасына тыйым салу туралы шешімдер қабылдау;

16) Қазақстан Республикасының аумағына (аумағынан) тасымалдауды шектеу туралы, багаж, жүк және жүк-багаж әкелуге, әкетуге, олардың транзитіне тыйым салу туралы шешімдер қабылдау;

17) темір жол көлігіндегі техникалық реттеу объектілеріне және оның тіршілік циклінің процестеріне қойылатын техникалық регламенттерді бекіту;

18) Темір жол көлігіндегі қауіпсіздік қағидасын бекіту;

19) Жеке және заңды тұлғалар қаражаты есебінен салынған объектілерді магистральдық темір жол желісі құрамына беру қағидасын бекіту;

20) Темір жол вокзалдары қызметін ұйымдастыру қағидасын бекіту;

21) Жолаушыларды облысаралық және халықаралық қатынастарда тасымалдауды ұйымдастыру қағидасын бекіту;

22) Жол жүру құжаттарын (билеттерін) сатуды ұйымдастыру кезінде жолаушы тасымалдауларын басқарудың автоматтандырылған жүйесіне қол жеткізу және өзара технологиялық іс-қимыл жасау қағидасын бекіту;

23) Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы Заңда, өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

2. Уәкілетті органның құзыретіне:

1) темір жол желісін және темір жол көлігін дамыту тұжырымдамасы мен бағдарламаларын бекіту;

2) темір жол көлігі саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу;

3) магистральдық темір жол желісінің жұмыс істеуі үшін технологиялық қажетті станция жолдарының, электрмен жабдықтау, сигнализация, байланыс объектілерінің, құрылғылардың, жабдықтардың, үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың және өзге де объектілердің тізбесін табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін

нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісім бойынша бекіту;

4) Тасымалдау процесіне қатысушылардың өзара технологиялық іс-қимыл жасау қағидасын бекіту;

5) темір жол көлігінің жұмыс істеу, оларды бұзушылықты анықтау мен жолын кесу жөнінде шаралар қабылдау тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының талаптарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын мемлекеттік бақылау;

6) жылжымалы құрамды тіркеу тәртібін белгілеу;

7) тасымалдауды ұйымдастыруға және (немесе) тасымалдауға байланысты қызметтерді орындауға жасалған шарттар бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету тәртібі мен шараларын белгілеу;

8) қозғалыс қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғаудың белгіленген талаптарына жай-күйі сай келмейтін магистральдық темір жол желісінің, темір жолдар мен жылжымалы құрамның объектілерін пайдалануды тоқтата тұру және тоқтату;

9) темір жол көлігімен тасымалдау кезінде әскерилендірілген күзетпен алып жүруге жататын жүктердің тізбесін бекіту;

10) халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

11) кеден ісі саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, темір жол көлігімен тасымалданатын жүкті кедендік ресімдеу кезіндегі Қазақстан Республикасының кеден органдары мен тасымалдаушының өзара іс-қимыл жасау қағидасын бекіту;

12) темір жол көлігі қызметкерлерін кәсіби үздік белгісімен марапаттау тәртібін бекіту;

13) қозғалыс қауіпсіздігі талаптарының бұзылуы туралы статистикалық ақпарат қалыптастыру;

14) өз құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы мәселелерді қарау;

15) темір жол көлігінде сигнализация жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

16) экспедиторлар қызметін ұсыну тәртібін айқындау;

17) вагондар (контейнерлер) операторлары ұсынатын қызметтер тәртібін айқындау;

18) локомотивтік тартқыш қызметтерін көрсету тәртібін айқындау;

19) Кірме жолдарды пайдалану қағидасын бекіту;

20) магистральдық темір жол желісінде көрсетілетін қызметтерге кіретін операциялардың тізбесін табиғи монополиялар саласындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісім бойынша бекіту;

21) кірме жолдарда көрсетілетін қызметтерге кіретін операциялардың тізбесін табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісім бойынша бекіту;

22) жылжымалы құрамды, арнайы жылжымалы құрамды сыныптау тізбесін бекіту;

23) поездардың қозғалысы және темір жол көлігіндегі маневрлік жұмыс жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

24) Жүк және жолаушылар вагондарының және тартқыш жылжымалы құрамның қызметін пайдалану мерзімдерін ұзарту қағидасын бекіту;

25) Темір жол көлігін техникалық пайдалану қағидасын бекіту;

26) Қорғау аймақтары жерінің көлемін, оларды пайдалану режимін айқындау және бөлінген белдеуде темір жол көлігінің қажеті үшін жерді пайдалану жөніндегі қағиданы бекіту;

27) Темір жол өтпелерін пайдалану қағидасын бекіту;

28) нысанды киім (погонсыз) мен айырым белгілерінің үлгілерін, нысанды киім кию тәртібін, онымен қамтамасыз ету нормаларын және оны киіп жүруге құқығы бар мемлекеттік көліктік бақылау органдары қызметкерлері лауазымдарының тізбесін бекіту;

29) жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, жүктерді тасымалдау туралы және тасымалдау кезінде жылжымалы құрамды пайдалану туралы есептілікті есепке алуды жүргізу мен беру тәртібін бекіту;

30) Локомотивтік тартқыш қызметтерін көрсетуді ұсынуға рұқсат беру қағидасын бекіту;

31) Қазақстан Республикасының аумағында темір жол көлігіндегі апаттарды, аварияларды тергеуге қатысу;

32) поездар қозғалысына байланысты қызметтік терминдерді бекіту;

33) жолаушы поездарының құрамындағы жылжымалы құрамды тіркеу және оның бағытпен жүруінің тәртібі мен шарттарын айқындау;

34) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлеу және бекіту;

35) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді орындау жатады.

3. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті өкілді органдарының темір жол көлігі саласындағы құзыретіне:

1) әлеуметтік мәні бар ауданаралық (облысшілік қалааралық) және қала маңындағы жолаушылар қатынасының тізбесін бекіту;

2) әлеуметтік мәні бар тасымалдауларды субсидиялау бағдарламасын бекіту;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының темір жол көлігі саласындағы құзыретіне:

1) ауданаралық (облысiшiлiк қалааралық) және қала маңындағы жолаушылар қатынасын ұйымдастыру туралы шешiмдердi тасымалдаушы қабылдайтын жағдайларды қоспағанда, осындай шешiм қабылдау;

2) төтенше жағдайлар туындаған кезде тасымалды уақытша тоқтату туралы шешiмдер қабылдау;

3) әлеуметтік мәні бар ауданаралық (облысiшiлiк қалааралық) және қала маңындағы жолаушылар қатынастары (маршруттар) бойынша темір жол көлігімен жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушының залалдарын субсидиялау ;

4) ауданаралық (облысiшiлiк қалааралық) және қала маңындағы қатынастарды айқындау;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында жергiлiктi атқарушы органдарға жүктелген өзге де өкiлеттiктердi жергiлiктi мемлекеттiк басқару мүдделерiнде жүзеге асыру жатады.";

13) 16-бапта:

1-тармақтағы "магистралдық темір жол желісін пайдалану ережелеріне" деген сөздер "Магистральдық темір жол желісін пайдалану қағидасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Магистральдық темір жол желісінің операторы Магистральдық темір жол желісіндегі техникалық пайдалану, қозғалыс қауіпсіздігі қағидасына, Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттығы саласындағы заңнамасының және Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптарына сай келмейтін жылжымалы құрамды магистральдық темір жол желісіне жібермеуге міндетті.";

14) 17-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Тиісті жол дамытылымы бар темір жол станциясында поездарды құрастыру және тарқату жөніндегі маневрлік жұмыстар және поездармен техникалық операциялар жүргізілуі мүмкін.";

15) 2-тарау мынадай мазмұндағы 17-1-баппен толықтырылсын:

"17-1-бап. Темір жол вокзалы

1. Темір жол вокзалында билет кассалары, күту үй-жайлары, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар және ақпараттық қызмет көрсететін объектілер, медициналық пункт, қоғамдық тәртіпті қорғау пункті болуға тиіс.

2. Темір жол вокзалында халық жолаушылар поездарының жөнелтілу және келу уақыттары, жолаушылардың жол жүру және багажды, жүк-багажды тасымалдау құны, поездарда бос орындардың болуы, шұғыл медициналық көмек, шағымдар мен

ұсыныстар кітапшасының тұрған орны туралы, билет және багаж кассаларының жұмыс режимі, вокзал үй-жайларының орналасуы, сондай-ақ халыққа көрсетілетін қызметтер тізбесі туралы шынайы ақпаратпен қамтамасыз етіледі.

3. Жолаушылар платформалары мен перрондарға өту және шығу мүгедектер мен халықтың баяу қимылдайтын топтарына қолжетімді болуға (пандустармен, мамандандырылған лифтілермен жабдықталуға) тиіс.

4. Меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде темір жол вокзалдарын иеленуші тұлғалар темір жол вокзалдарына кіреберістерді және таксилердің, сондай-ақ халыққа қызмет көрсетуге арналған жеке және қоғамдық автокөліктің тұрақ орындарын күтіп ұстауды және жөндеуді қамтамасыз етеді.

5. Халыққа қызмет көрсетуге арналған вокзал құрылыстары жарамды техникалық жай-күйде ұсталуға тиіс.

6. Меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде темір жол вокзалдарын иеленуші тұлғалар халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және техникалық регламенттің талаптарын сақтауға тиіс.

7. Темір жол вокзалдары тасымалдау процесінің ажырамас бөлігі болып табылады және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес пайдаланылуға тиіс."

;

16) 22-баптың 3-тармағындағы "қызметкері жұмыс режимінің" деген сөздер "қызметкердің жұмыс уақытының және демалыс уақытының есепке алынуының" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 30-бапта:

3-тармақтағы "Қозғалыс қауіпсіздігі" деген сөздер "Темір жол көлігі саласындағы қауіпсіздік" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың бірінші бөлігі "газ, мұнай құбырларын" деген сөздерден кейін ", автомобиль жолдарын, электр берілісі желілерін" деген сөздермен толықтырылсын;

18) 31-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"31-бап. Магистральдық инфрақұрылым объектілерін, құрылыстарды, темір жол көлігі жылжымалы құрамын, арнайы жылжымалы құрамын, конструкцияларын, жабдықтары мен мүкәммалын жобалау, өндіру, пайдалану, тасымалдау, сақтау, жөндеу және кәдеге жарату кезіндегі қауіпсіздік талаптары

1. Магистральдық инфрақұрылым объектілерін, құрылыстарын, темір жол көлігі жылжымалы құрамын, арнайы жылжымалы құрамын, конструкцияларын, жабдықтары мен мүкәммалын жобалау, өндіру, пайдалану, тасымалдау, сақтау, жөндеу және кәдеге жарату адамның өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін және Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасының және Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының сақталуын қамтамасыз ететін жағдайларда жүзеге асырылуы тиіс.

2. Магистральдық инфрақұрылым объектілерін, темір жол көлігі құрылыстарын, жылжымалы құрамын, арнайы жылжымалы құрамын, конструкцияларын, жабдықтары мен мүкәммалын жобалау, өндіру, пайдалану, тасымалдау, сақтау, жөндеу және кәдеге жарату процестері Техникалық пайдалану қағидасына, техникалық регламенттерге сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

3. Магистральдық инфрақұрылым объектілерінің, құрылыстарының, темір жол көлігі жылжымалы құрамының, арнайы жылжымалы құрамының, конструкцияларының, жабдықтары мен мүкәммалының жобалау, өндіру, пайдалану, тасымалдау, сақтау және жөндеу процестерінде сақталуын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар пайдалану құжаттамасында белгіленеді.";

19) 31-1, 31-2, 31-3, 31-4 және 31-5-баптар алып тасталсын;

20) 35-бапта:

2-тармақтың екінші бөлігіндегі ", клиенттерді" деген сөз алып тасталсын;

3-тармақтағы "Клиентке багажды" деген сөздер "Багажды" деген сөзбен ауыстырылсын;

21) 36-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жүк жөнелтушіге темір жол көлігі жүкқұжатына жөнелту станциясының күнтізбелік мөртабаны қойылған жүктің қабылданғаны туралы түбіртек берілген кезден бастап жүк тасымалдау шарты жасалды деп есептеледі.";

22) 37-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жүк жөнелтушінің, жүк алушының залалдары Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен өтеуге жатады.";

23) 40-бапта:

1-тармақта:

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) тасымалдаулар және тасымалдау ақысы бойынша есеп айырысулар;"

16) тармақша "ұстап қалу," деген сөздерден кейін "өткізу," деген сөзбен толықтырылсын;

28 және 30) тармақшалар алып тасталсын;

33) тармақшадағы "жүргізу талаптары мен тәртіптерін" деген сөздер "жүргізу;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 33-1) және 33-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"33-1) ерекше жағдайларда жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру;

33-2) вагондар мен контейнерлерді жүк түсірілгеннен кейін тазалау және жуу шарттары мен тәртібін;"

2-тармақтағы "ережелерін" деген сөз "қағидасын" деген сөзбен ауыстырылсын;

24) 41-бапта:

1-1-тармақта:

бірінші бөлігіндегі "ортақ пайдаланылатын" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөлік алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 1-2 және 1-3-тармақтармен толықтырылсын:

"1-2. Жүк жөнелтуші жүкті тиеу кезінде жүктің орналастырылуы мен бекітілуінің дұрыстығын, тиісті көлік құралының тиелуінің белгіленген нормалары мен схемаларының сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

1-3. Поездар қозғалысының қауіпсіздігін және тасымалданатын жүктердің сақталуын қамтамасыз ету үшін тасымалдаушы жөнелту алдында жүктің тиелуі мен бекітілуінің дұрыстығын, тиісті көлік құралының тиелуінің белгіленген нормалары мен схемаларының сақталуын тексеруге құқылы.";

25) 47-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Егер шартта өзгеше көзделмесе, жүк тасымалдау ақысын және тасымалдаушыға тиісті өзге де төлемдерді жүк жөнелтуші, экспедитор жүк жөнелтілгенге дейін төлейді.

Бұл орайда жүк тасымалдау ақысы жүк тасымалдауы жүзеге асырылатын ең қысқа ара қашықтыққа есептеп алынады.

Ірі габаритті (габариттен тыс) және ауыр салмақты жүктерді тасымалдау жүзеге асырылатын ең қысқа қашықтықты анықтау осындай жүктерді тасымалдауға арналған темір жолдардың техникалық мүмкіндіктерін және өткізу қабілетін ескере отырып жүзеге асырылады.";

26) 48-бапта:

1-тармақтағы "шартта" деген сөз "тасымалдау шартында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Егер жүкті жеткізіп беру мерзімі өткенге дейін ол межелеген пунктке жеткізілсе және жүк алушыға тапсырылса немесе қабылдау-тапсыру (беру-шығару) жолдарына жеткізілсе, жүк мерзімінде жеткізілді деп есептеледі.";

3-тармақтағы "түсіруге (жүктен босатуға)" деген сөздер "қабылдау-тапсыру (беру-шығару) жолдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 49-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"49-бап. Вагондарды, контейнерлерді пайдаланғаны және темір жолдарда жылжымалы құрамның бос тұрғаны (тоқтап тұрғаны, кідірілгені) үшін төлем

1. Вагондарды, контейнерлерді пайдаланғаны үшін төлемді жүк жөнелтуші, жүк алушы, тармақ иеленуші тасымалдаушыға, ал тиісті шарт болған кезде вагондардың, контейнерлердің иесіне:

1) тиеу (түсіру) және маневрлік жұмыстар үшін тасымалдау қағидасында белгіленген уақытты қоса алғанда, вагондардың, контейнерлердің жүк жөнелтушілерде, жүк алушыларда, тармақ иеленушілерде болған бүкіл уақыты үшін;

2) жүк жөнелтушілердің, жүк алушылардың, тармақ иеленушілердің кінәсінен магистральдық, станциялық жолдарда вагондар мен контейнерлердің бос тұрған (тоқтап тұрған, кідірілген) уақыты үшін төлейді.

2. Жүк жөнелтушілердің, жүк алушылардың, тармақ иеленушілердің, вагондар (контейнерлер) иеленушілердің кінәсінен орын алған магистральдық, станциялық жолдарда, сондай-ақ концессия шарттары бойынша темір жолдарда тасымалдаудың технологиялық процесінің бұзылуына әкеп соққан вагондардың бос тұрғаны (контейнерлердің кідірілгені) үшін олар көрсетілген жолдардың иеленушісіне соларда тұрған уақыты үшін төлеген төлемдерін тасымалдаушыға өтеуге міндетті.

3. Төлемнің мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді."

28) 50-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы "бекіту-пломбалау құрылғылары бұзылған" деген сөздер "бекіту-пломбалау құрылғылары жоқ болған немесе олар бұзылған" деген сөздермен ауыстырылсын;

29) 53-баптың 1-тармағында:

бірінші сөйлем "тез бүлінетін" деген сөздерден кейін ", қауіпті" деген сөзбен толықтырылсын;

екінші сөйлем "тез бүлінетін" деген сөздерден кейін ", қауіпті" деген сөзбен толықтырылсын;

30) 54-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы "тез бүлінетін" деген сөздерден кейін ", қауіпті" деген сөзбен толықтырылсын;

31) 55-баптың 4-тармағы:

"тез бүлінетін" деген сөздерден кейін ", қауіпті" деген сөзбен толықтырылсын;

"есебінен қайтаруға" деген сөздерден кейін "немесе көлік құралынан жүкті босатуды талап етуге" деген сөздермен толықтырылсын;

32) 56-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Кірме жолдарды пайдалану тасымалдау қағидасына сәйкес тармақ иеленуші әзірлейтін және магистральдық темір жол желісінің операторы бекітетін кірме жолдардағы қозғалысқа қызмет көрсету және оны ұйымдастыру тәртібі туралы нұсқаулықтың негізінде жүзеге асырылады.";

33) 61-баптағы "Кірме жолдарды пайдалануға, вагондарды" деген сөздер "Вагондарды" деген сөзбен ауыстырылсын;

34) 64-баптың екінші бөлігіндегі "(қалааралық) және ішкі" деген сөздер "(облысшілік қалааралық) және қала маңындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

35) 65-бапта:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Тасымалдаушы жолаушы көрсеткен межелі станцияға дейін жол жүру құжатының (билеттің) сатылуын қамтамасыз етуге міндетті. Тасымалдаушы жол жүру құжаттарын (билеттерді) сатуды жолаушы агенттіктерінің билет кассалары арқылы ұйымдастыра алады.";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Жол жүру құжаттарын (билеттерді) сату және орындарды резервке қою жолаушы тасымалдауларын басқарудың автоматтандырылған жүйесі арқылы жүзеге асырылады, Ұлттық теміржол компаниясы оған қол жеткізуді уәкілетті органмен келісім бойынша ұйымдастырады.";

36) 66-бапта:

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы 15-1) тармақшамен толықтырылсын:

"15-1) жолаушы платформаларын пайдалану тәртібі";

екінші бөліктегі "жолаушыларды", "ережелерін" деген сөздер тиісінше " Жолаушыларды", "қағидасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

37) 66-1-баптың тақырыбындағы және бірінші абзацындағы "жолаушылар", " ережелерін" деген сөздер тиісінше "Жолаушылар", "қағидасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

38) 67-бапта:

1-тармақтың 3) тармақшасының бірінші бөлігінде:

бұл өзгерістің мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

"және" деген сөз "не" деген сөзбен ауыстырылсын;

"процентін төлеп" деген сөздер "пайызын төлеп, оларға жеке орын беріп," деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) қоғамдық тәртіпті, жолаушы вагондарын және жолаушылар тасымалдауына қызмет көрсетуге арналған объектілерді пайдалану қағидасын сақтауға, сондай-ақ тасымалдаушының мүлкіне ұқыпты қарауға және жол жүру барысында да, күту орындарында да өрт қауіпсіздігі қағидасын сақтауға міндетті.";

39) 68-баптың 1-тармағында:

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жөнелтушінің жүк-багажы жол жүру құжатын (билетті) ұсынбай тасымалдау құжаты (жүк-багаждың түбіртегі) бойынша қабылданады.";

екінші бөліктің бірінші сөйлеміндегі өзгерістің мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

40) 69-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Багаж бен жүк-багажды жеткізіп беру мерзімі поездардың жүру кестесіне сәйкес тасымалдау жүзеге асырылатын жолаушы поезының межелі темір жол станциясына дейін жүру уақытымен айқындалады.";

41) 72-баптағы "почта туралы" деген сөздер алып тасталсын;

42) 76-баптың 5-тармағындағы "клиентке" деген сөз алып тасталсын;

43) 77-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Жүк жөнелтуші тасымалдаушыны вагондардың (контейнерлердің) пайдаланылмағаны туралы тиеуге дейін кемінде үш тәулік бұрын ескерткен жағдайда айыппұл сомасы үштен бір бөлігіне азайтылады.";

44) мынадай мазмұндағы 79-1-баппен толықтырылсын:

"79-1-бап. Жүкті уақтылы түсірмегені (босатпағаны) үшін жауапкершілік

Жүк алушылар жүктерді уақтылы түсірмеген (босатпаған) кезде тасымалдаушы жүктерді тиеу (түсіру) технологиялық уақытынан тыс жиырма төрт сағаттан артық кідірілген вагондарды және контейнерлерді пайдаланғаны үшін төлемді он еседен аспайтын көлемде арттырады.

Осы төлемді алу кезінде 49-баптың 2-тармағының нормасы қолданылмайды.";

45) 83-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Вагонды, контейнерді тазалаудан бас тартқаны үшін жүк алушыдан тасымалдаушының пайдасына тазалау жөніндегі жұмыстардың екі еселеген құны мөлшерінде айыппұл және тасымалдаушының вагонды, контейнерді тазалау орнына жеткізу жөніндегі шығыстары өндіріп алынады.";

46) 88-баптың 4) тармақшасындағы "үш" деген сөз "жеті" деген сөзбен ауыстырылсын;

47) 10-1-тараудың тақырыбында:

"көліктік" деген сөз "мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын;

бұл өзгерістің мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

48) 88-1-баптың тақырыбы және 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"88-1-бап. Темір жол көлігі саласындағы мемлекеттік бақылаудың мәні мен мақсаты

1. Темір жол көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау (бұдан әрі – көліктік бақылау) темір жол көлігінің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының талаптарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауына жүргізіледі.";

49) 88-4-бапта:

2) тармақшаның төртінші абзацындағы "жүктерді тасымалдау ережелерін" деген сөздер "Жүктерді тасымалдау қағидасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) тармақша алып тасталсын;

50) 89-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"89-бап. Кінә қоюдың шарттары мен тәртібі

1. Тасымалдаушыға тасымалдау шартынан туындайтын кінә қоюға жолаушының, жөнелтушінің (жүк жөнелтушінің), алушының (жүк алушының) құқығы бар.

Меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде вагондарға, контейнерлерге иелік ететін тұлға вагондар, контейнерлер жоғалған, бүлінген жағдайларда тасымалдаушыға кінә қоюға құқылы.

2. Жеке немесе заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тасымалдау шарты бойынша кінә қою құқығы бар тұлғалардың атынан кінә қоя алады.

3. Өтініш берушіде кінә қою құқығы бар екендігін куәландыратын құжаттар кінә қоюға қоса берілуге тиіс.

4. Өтініш берушінің талаптарын растайтын мына құжаттар түпнұсқа түрінде кінә қоюға қоса берілуге тиіс:

1) жолаушының өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы талап қойылған жағдайда – жол жүру құжаты (билет) және жазатайым оқиға туралы акт ;

2) жолаушылар поезының жөнелтілуі кідірілген немесе ол кешігіп келген, жол жүргені үшін төлемді қайтару туралы талап қойылған жағдайда – жол жүру құжаты (билет);

3) багажды, жүк-багажды жоғалтқан, жеткізіп беру мерзімін бұзған, багажды, жүк багажды тасымалдағаны үшін тасымалдау ақысын қайтару туралы талап қойылған жағдайда – багаждың, жүк-багаждың түбіртегі;

4) багаж, жүк-багаж жетіспеген, бұзылған (бүлінген) жағдайда – багаж, жүк-багаж түбіртегі мен коммерциялық акт;

5) жолаушыны, багажды, жүк-багажды тасымалдағаны үшін тариф дұрыс қолданылмаған, багаждың, жүк-багаждың салмағы қате анықталған, тасымалдау төлемдерін айқындау кезіндегі есептеуде қате жіберілген жағдайларда – жол жүру құжаты (билет), багаждың, жүк-багаждың түбіртегі;

6) жүк түгелдей жоғалған жағдайда – жүктің келіп түспегені туралы межелі станцияның белгісі қойылған жүкті қабылдау туралы түбіртек және жөнелтілген жүктің саны мен құнын растайтын құжат;

7) жүк жетіспеген, бұзылған (бүлінген) жағдайда – темір жол көлігі жүкқұжаты, межелі станция берген коммерциялық акт және жөнелтілген, жетіспеген, бұзылған (бүлінген) жүктің саны мен құнын растайтын құжаттар.

Жүк жөнелтуші мен жүк алушы арасындағы есеп айырысу нормаланған және іс жүзіндегі ылғалдылық ескеріле отырып, жүргізілетін жүк жетіспеген жағдайда, кінә қоюға жүкті жөнелту және беру кезіндегі оның ылғалдылығын растайтын құжаттар қоса беріледі.

Жүкті беру кезінде оның бағасын арзандату немесе сортын төмендету жүргізілген жүк бұзылған (бүлінген) жағдайда кінә қою актісіне сараптама актісі қоса беріледі;

8) жүкті жеткізіп беру мерзімдері бұзылған жағдайда – темір жол көлігі жүкқұжаты;

9) тариф артық төленген жағдайда – темір жол көлігі жүкқұжаты немесе жүкті тасымалдауға қабылдау туралы түбіртек және төленгенін растайтын құжаттар;

10) тасымалдау орындалмаған жағдайда – тасымалдаушының жүкті қайтарғаны туралы белгісі қойылған жүкті тасымалдауға қабылдау туралы түбіртек;

11) жүк тасымалдаумен байланысты алымдар мен айыппұлдар артық төленген жағдайда – олардың есептелгенін және төленгенін растайтын құжаттар;

12) тасымалдаушы заңды немесе жеке тұлғаларға тиесілі немесе олар жалға алған вагондарды, контейнерлерді жоғалтқан, зақымдаған жағдайда – межелі станциядағы тасымалдаушының вагондардың, контейнерлердің жеткізілмегені туралы белгісімен

жүкті тасымалдауға қабылдау туралы түбіртек, техникалық паспорттар мен оларға меншік құқығын немесе жалға алынғанын растайтын құжаттар.

5. Бір кінә қоюда осы бапта көрсетілген әртүрлі жағдайлар бойынша талаптар біріктірілмеуі тиіс.

Жүктің жоғалғаны, жетіспеуі, бүлінгені немесе бұзылғаны үшін кінә қою әрбір жөнелтілім бойынша жеке қойылады.

Бір атаудағы, бір станцияда бір ғана жүк жөнелтуші бір межелі станцияға бір жүк алушының мекенжайына жөнелткен жүктер бойынша тасымалдауды ресімдеу кезінде тасымалдаушы олар бойынша бір коммерциялық акт жасаған жүк жөнелтілімдері тобы бойынша бір кінә қоюды ресімдеуге рұқсат етіледі.

Маршруттық немесе топтап тасымалданған жүктер бойынша кінә қою коммерциялық актіде көрсетілген вагондар санына қойылады.

Жүкті жеткізу мерзімі асып кеткен кезде олар бір тәулік ішінде келсе, бірнеше жүк жөнелтілімін бір кінә қоюда біріктіруге рұқсат етіледі.";

51) мынадай мазмұндағы 89-1-баппен толықтырылсын:

"89-1-бап. Кінә қоюды ресімдеу

1. Кінә қоюда мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) кінә қоюшы өтінім берушінің тегі, аты, әкесінің аты немесе толық атауы, почталық деректемелері, оның жасалған күні;

2) олардың негізінде кінә қойылған мән-жайлар;

3) өтінім берушінің талаптары, кінә қойылған сома және оның есептеулері, банктік деректемелері;

4) кінә қоюға қоса берілетін құжаттардың, сондай-ақ басқа да дәлелдемелердің тізбесі.

2. Жеке тұлғадан келген кінә қоюға өтініш беруші оның жеке басын куәландыратын құжаттың және салық төлеуші куәлігінің көшірмесін қоса беріп, қол қояды.

Занды тұлғадан келген кінә қою мөрмен куәландырылады және оған ұйымның басшысы немесе ол өкілеттік берген тұлға қол қояды.

3. Жүк жөнелтушіге жүктің қабылданғаны туралы түбіртек және жүк алушыға жүкқұжат электрондық деректер алмасу жүйесі арқылы берілген жағдайда, өтініш беруші жөнелтілім нөмірін, жүктің тасымалдауға қабылданған күнін және тасымалдаушының ақпараттық жүйелеріндегі электрондық досьесінің тіркеу деректерін көрсетеді.";

52) 90-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Почтамен жөнелту үшін кінә қою почтамен жөнелтілген күн немесе тасымалдаушының қолына берілген күн кінә қойылған күн болып есептеледі.

Егер кінә қоюды берудің соңғы күні жұмыс істемейтін күнге дәл келсе, кінә қоюды берудің соңғы күні одан кейінгі жұмыс күні болып есептеледі.";

53) 91-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"91-бап. Кінә қоюды қараудың тәртібі мен мерзімдері

1. Кінә қою ол алынған күннен бастап бір ай мерзімде қаралуға тиіс.

Қараудың нәтижесі туралы тасымалдаушы өтініш берушіні жазбаша нысанда хабардар етеді.

2. Кінә қоюға жауапта:

1) жауап берілетін кінә қоюшы өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты немесе толық атауы, почталық деректемелері, жауап берілетін кінә қоюдың күні;

2) кінә қою толық немесе ішінара танылған жағдайда, танылған сома және кінә қоюды қанағаттандыру тәсілі;

3) кінә қою толық немесе ішінара қабылданбаған жағдайда, кінә қоюдан бас тартуды негіздейтін, тиісті нормативтік құқықтық актілер мен құжаттарға сілтеме жасалып, бас тартудың дәлелдері;

4) жауапқа қоса берілген құжаттар мен өзге де дәлелдемелердің тізбесі көрсетіледі.

3. Кінә қою толық сомада қанағаттандырылған жағдайда өтініш беруші ұсынған құжаттарды тасымалдаушы қайтармайды.

Кінә қою толығымен немесе ішінара қабылданбаған жағдайда, өтініш берушіге кінә қоюға қоса берілген құжаттар, сондай-ақ егер өтініш берушіде олар жоқ болса, бас тартуды негіздейтін құжаттар жіберілуге тиіс.

4. Егер өтініш беруші берген кінә қою осы Заңның талаптары бұзылып ресімделсе, онда осындай кінә қою қайтарудың себептері көрсетіліп, тасымалдаушыға келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей өтініш берушіге қайтарылады. Осындай кінә қоюды қайтару оны қанағаттандырудан бас тарту болып табылмайды.

5. Жүк жоғалған және бүлінген жағдайда кінә қоюды қанағаттандыру кезінде өтелуі тиіс сома оның сатушының шотында көрсетілген немесе шартта көзделген бағасы, ал шот болмаған немесе шартта баға көрсетілмеген кезде – салыстырмалы мән-жайлар кезінде әдетте осыған ұқсас тауарлар үшін алынатын баға негізге алынып айқындалады.

Тасымалдаушы залалды өтеумен қатар, жоғалған, жетіспейтін, бүлінген немесе зақымдалған жүктің тасымалданғаны үшін өндіріп алынған тасымалдау төлемақысын, егер осы төлемақы жүктің құнына енгізілмеген болса, қайтарады.

Егер жүк тасымалдауға оның құны жарияланып тапсырылса, онда ол жоғалған жағдайда, тасымалдаушы залалды – жарияланған құны мөлшерінде, ал ішінара жоғалған жағдайда – жүктің жоғалған бөлігіне барабар құнының мөлшерінде өтейді.

6. Егер кінә қоюды қарау кезінде жүктің мекенжайы ауыстырылса, не жүк жөнелтушінің немесе бастапқы жүк алушының өтініші бойынша басқа жүк алушыға берілсе, кінә қою оған жүк берілген жүк алушыны немесе оның өтініші бойынша жүктің мекенжайы ауыстырылған немесе жүк берілген тұлға көрсетіліп, қайтарылады."

;

54) 93-баптың 1-тармағы "қойылған кінәға" деген сөздерден кейін "оны қарау мерзімі өткен соң" деген сөздермен толықтырылсын;

55) 94-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Темір жол көлігінде қызметтік іс жүргізу мен байланыс қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі.

Поездар қозғалысын жүзеге асыру кезінде уәкілетті орган бекіткен терминдер пайдаланылады.";

56) мынадай мазмұндағы 94-1-баппен толықтырылсын:

"94-1-бап. Есепке алу және есептілік

Локомотивтік тартқыштың, вагондардың, контейнерлердің операторлары және тасымалдаушылар жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, жүктерді тасымалдау және тасымалдау кезінде жылжымалы құрамды пайдалану туралы уәкілетті орган белгілеген есепке алу және есептілікті ұсыну тәртібін сақтауға міндетті."

14. "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 2, 16-құжат; 2004 ж., № 20, 116-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 11, 36-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат):

1) 1-бапта:

4) тармақшадағы "шарт" деген сөз "жалға кеме беру (алу) шартының түрі;" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақшадағы "есептеу" деген сөз "есептеуді" деген сөзбен, "бөлу" деген сөз " бөлуді қамтитын, диспашер жасайтын құжат" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"18) жүк таситын кеме – жолаушы кемесі болып табылмайтын, жүктерді тасымалдауға арналған кеме;"

23) тармақша алып тасталсын;

24) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"24) кеме иесі – кемеңің меншік иесі болып табылатынына немесе оны өзге де заңды негізде пайдалануына қарамастан өз атынан кемеңі пайдаланатын тұлға;"

мынадай мазмұндағы 25-1) тармақшамен толықтырылсын:

"25-1) Кеме қатынасының тіркелімі – кемелерді сыныптайтын және олардың техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік мекеме;"

29) тармақшадағы "кемелер мен оларға құқықты мемлекеттік тіркеу ережелеріне" деген сөздер "Кемелер мен оларға құқықты мемлекеттік тіркеу қағидасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

30) және 36) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"30) кеменің сыйымдылығы – кеменің текше метрмен не текше футпен есептелетін, оның жүк үй-жайларының көлеміне қарай тасымалдауға жүк мөлшерін қабылдай алатын мүмкіндігі;"

"36) мұнай құйылатын кеме – мұнайды және мұнай өнімдерін тасымалдау және сақтау үшін жасалған немесе бейімделген жүк кемесі;"

46) тармақша алып тасталсын;

48) тармақшадағы "уәкілетті орган" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздермен ауыстырылсын;

49) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"49) тасымалдаушы – жолаушыларды, багажды, почта жөнелтілімдері мен жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметті көрсететін және тасымалдау құжаттарында көрсетілген кеме иесі;"

50) және 51) тармақшалар алып тасталсын;

57) тармақшадағы "және тиеу-түсіру жұмыстары мен өзге де техникалық операцияларды жүзеге асырушы" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 57-1) және 57-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"57-1) теңізде сүйрету – кемені немесе өзге де жүзбелі объектіні белгілі бір қашықтыққа сүйрету;

57-2) теңіздегі наразылық – кеме жүзіп бара жатқан немесе тұрған кезеңде орын алған оқиға туралы кеме капитанының дәлелдемелерді қамтамасыз ету мақсатында кеме иесіне мүліктік талаптар қоюға негіздеме бола алатын мәлімдемесі;"

58) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"58) уәкілетті орган – сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;"

мынадай мазмұндағы 58-1) және 60) тармақшалармен толықтырылсын:

"58-1) Ұлттық теңіз тасымалдаушысы - жолаушыларды, багажды, почта жөнелтілімдері мен жүктерді теңізде тасымалдау жөнінде қызмет көрсететін және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға;"

"60) шетелдік сыныптау қоғамы – Қазақстан Республикасының Үкіметі таныған, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында белгіленген тәртіппен кемелерді техникалық байқауды, куәландыруды және сыныптауды жүзеге асыратын шетелдік ұйым.";

2) 4-бапта:

2-тармақта:

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидасын бекіту;"

11) тармақша алып тасталсын;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) Қазақстан Республикасының теңізшісі жеке куәлігінің, теңізде жүзу кітапшасының, дипломдарды растаудың үлгісін, оларды ресімдеу, беру, мерзімін ұзарту, сондай-ақ алып қою тәртібін бекіту;"

14) тармақшадағы "каботажды" деген сөзден кейін "және сауда мақсатында теңізде жүзумен байланысты өзге де қызметті" деген сөздермен толықтырылсын;

16) тармақша алып тасталсын;

17) тармақшадағы "теңіз", "ережелерді" деген сөздер тиісінше "Теңіз", "қағиданы" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) тармақша алып тасталсын;

19) тармақшадағы "бекіту жатады." деген сөздер "бекіту;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 20), 21), 22), 23), 24), 25), 26), 27), 28), 29), 30), 31) және 32) тармақшалармен толықтырылсын:

"20) Қазақстан Республикасының теңіз порттарында және оларға кіреберістерде кемелердің жүзу және тұрақта тұру қағидасын бекіту;

21) Кемелердегі авариялық жағдайларды тергеу қағидасын бекіту;

22) кеме құжаттарының тізбесін, нысандарын және кеме құжаттарын жүргізу қағидасын бекіту;

23) жолаушыларды, багаж бен жүктерді тасымалдау қағидасын бекіту;

24) Порт құрылыстары мен теңіз порты акваториясын техникалық пайдаланудың қағидасын бекіту;

25) Кеме экипажының ең аз құрамына қойылатын талаптарды белгілеу;

26) Кеме кітабында мемлекеттік тіркелуге жататын кемелердегі көліктік оқиғаларды тергеу қағидасын бекіту;

27) Кеме жүргізушілерін шағын көлемді кемені басқару құқығына аттестаттау қағидасын бекіту;

28) Шағын көлемді кемені және олар тоқтайтын базаларды (құрылыстарды) пайдалану қағидасын бекіту;

29) Шағын көлемді кемені және олар тұратын базаларды (құрылыстарды) техникалық қадағалау қағидасын бекіту;

30) Кеме тарихын үздіксіз тіркеу журналын жүргізу нысаны мен тәртібін бекіту;

31) Қазақстан Республикасының теңіз көлігі кемелеріндегі қызмет жарғысын бекіту;

32) Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы Заңда, өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.";

3-тармақта:

бірінші абзацтағы "Сауда мақсатында теңізде жүзу саласында уәкілетті" деген сөздер "Уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын;

1) тармақша ", оның ішінде халықаралық шарттардың орындалуын қамтамасыз ету" деген сөздермен толықтырылсын;

3), 5-1), 6-1) және 7) тармақшалар алып тасталсын;

9) тармақша "кемелерге" деген сөздің алдынан "кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"9-1) кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердегі көлік оқиғаларын тексеру;"

10) тармақшадағы "халықаралық жүзуге шығатын", "техникалық" деген сөздер алып тасталсын;

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) лоцмандық қызметті және өзге де теңіз қызметтерін бақылау;"

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) нысанды киім берілетін теңіз көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлері және теңіз көлігі қызметкерлері лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесін, айырым нысаны мен белгілерінің үлгілерін және нысанды киім киіп жүру тәртібін және қамтамасыз ету нормаларын бекіту;"

15) тармақшадағы "кемелердің мемлекеттік тізіліміндегі" деген сөздер "кеме кітабындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) тармақшадағы "каботажды" деген сөзден кейін "және сауда мақсатында теңізде жүзумен байланысты өзге де қызметті" деген сөздермен толықтырылсын;

22) тармақша алып тасталсын;

23) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"23) порттық құрылыстар мен жасанды аралдардың қауіпсіз пайдаланылуын бақылау;"

24), 27), 29) және 30) тармақшалар алып тасталсын;

32) тармақшадағы "нормативтік құқықтық актілерді, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын" деген сөздер "Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының талаптарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

33) және 36) тармақшалар алып тасталсын;

40) тармақшаның мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

44) тармақшаның мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

46) тармақша "мемлекеттік органдарға" деген сөздерден кейін "авариялық жағдайлардың және" деген сөздермен толықтырылсын;

47) тармақшадағы "жүзеге асыру жатады." деген сөздер "жүзеге асыру;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 48), 49), 50), 51), 52), 53), 54), 55) және

56) тармақшалармен толықтырылсын:

"48) Теңіз кемелерін сыныптау және жасау қағидасын бекіту;

49) Теңіз кемелерінің жүк маркасы туралы қағиданы бекіту;

50) жағалау объектілерін жобалауды, орналастыруды, салуды және пайдалануды келісу;

51) Теңіз кемелерінің жүк көтергіш құрылғыларын куәландыру қағидасын бекіту;

52) Теңіз кемелерінің экипаждарын азық-түлікпен қамтамасыз ету қағидасын бекіту ;

53) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасының теңіз флоты кемелерінің жүзу құрамының жұмыс уақыты мен демалыс уақытын реттеу ерекшеліктерін белгілеу;

54) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша теңізшілердің еңбегі мен олардың еңбекақысын реттеу ерекшеліктерін белгілеу;

55) теңіз порты акваториясының шекараларын айқындау;

56) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.";

3) мынадай мазмұндағы 4-1-баппен толықтырылсын:

"4-1-бап. Ұлттық теңіз тасымалдаушысы

1. Ұлттық теңіз тасымалдаушысы:

1) жолаушыларды, багажды, почталық жөнелтілімдер мен жүктерді, оның ішінде гуманитарлық жүкті, арнайы жүктерді тасымалдау жөнінде қызметтер көрсетеді;

2) теңіз флотына арналған кадрларды оқытуға мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы халықаралық шарттарды іске асыруға қатысады.

2. Ұлттық теңіз тасымалдаушысына теңіз портының міндетті қызметтері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтар ескеріле отырып, ұсынылады.

3. Ұлттық теңіз тасымалдаушысы туралы ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді."

4) мынадай мазмұндағы 5-1-баппен толықтырылсын:

"5-1-бап. Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелерді пайдалану

Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемелерді гидрографиялық, ғылыми, гидротехникалық, құтқару қызметіне және сауда мақсатында теңізде жүзумен байланысты өзге де қызметке пайдалану Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен уәкілетті орган берген рұқсат негізінде жүзеге асырылады.";

5) 8-2-бап мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Жағалау объектілерін жобалау, орналастыру, салу және пайдалану уәкілетті органмен келісім бойынша жүзеге асырылады.";

б) 8-3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-3-бап. Сауда мақсатында теңізде жүзу үшін пайдаланылатын кемелерді, порттарды, жағалау объектілері мен су жолдарындағы құрылыстарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптары

1. Кемелер, порттар, жағалау объектілері мен сауда мақсатында теңізде жүзу процесімен байланысты теңіздегі құрылыстар қауіптілігі жоғары аймақтар болып табылады және сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері мен Қазақстан Республикасы Үкіметі актілерінің талаптарына сәйкес келуге тиіс.

2. Кемелерді, порттарды, жағалау объектілерін және теңіздегі құрылыстарды пайдалануды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалар сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілері талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.

3. Сауда мақсатында теңізде жүзу үшін пайдаланылатын кемелерді пайдалану адам өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға теріс әсер етпеуге тиіс.

4. Кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын кемелер және олардың тұрағына арналған базалар (құрылыстар) Шағын көлемді кемелерді және олардың тұрағына арналған базаларды (құрылыстарды) техникалық қадағалау жөніндегі қағиданың талаптарына сәйкес келуі тиіс.

5. Кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын кемелерді және олардың тұрағына арналған базаларды (құрылыстарды) техникалық қадағалауды уәкілетті орган бастапқы , жыл сайынғы және кезектен тыс техникалық куәландырулар жүргізу жолымен, сондай-ақ арнайы және бақылап тексеріп-қарауды жүргізумен жүзеге асырады.

6. Кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын кемелерді және олардың тұрағына арналған базаларды (құрылыстарды) пайдалану Шағын көлемді кемелерді және олардың тұрағына арналған базаларды (құрылыстарды) пайдалану қағидасына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын өздігінен жүзетін кемелердің кеме жүргізушілері кеме жүргізушілерін даярлау бағдарламасы бойынша оқытудан өтуі және оның шағын көлемді кемені басқару құқығына куәлігі болуы тиіс.

Шағын көлемді кемені басқару құқығына куәлік беруді, шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау бағдарламасын келісуді және шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстарды тіркеуді уәкілетті орган Шағын көлемді кемені басқару құқығына кеме жүргізушілерін аттестаттау қағидасына сәйкес жүзеге асырады.";

7) 10-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Спутниктік байланыстың кеме станциясының шақыру сигналын және сәйкестендіру нөмірін беру тәртібін байланыс саласындағы уәкілетті орган айқындайды .";

8) 11-баптың 3-1 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы:

1) мемлекеттің;

2) азаматтардың және Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген мемлекеттік емес заңды тұлғалардың меншігіндегі кемелерге;

3) өнім бөлу туралы келісімге сәйкес Каспий теңізінде қызметін жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғалардың меншігіндегі кемелерге (мердігерлік компаниялар, оператор, агенттер) беріледі, бұл ретте осындай кемелерге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын берудің ерекшеліктері Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидасымен айқындалады.";

"5. Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидасында көзделген тәртіппен уәкілетті органның шешімі негізінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын көтеріп жүзу құқығы бербоут-чартер бойынша:

1) қазақстандық жалға кеме алушыға;

2) өнім бөлу туралы келісімге сәйкес Қазақстан Республикасында белгіленген тәртіппен тіркелген филиалдары арқылы Каспий теңізінде қызметін жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғаларға (мердігерлік компанияларға, операторға, агенттерге, қосымша мердігерлерге) пайдалануға берілген, шет мемлекеттің кемелер тізілімінде тіркелген кемеге уақытша берілуі мүмкін.";

9) 14 және 15-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"14-бап. Кеме құжаттары

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі тізбесін, нысанын және жүргізу тәртібін айқындайтын кеме құжаттары кемеді болуға тиіс.

Көшірмесін осы құжатты берген орган растауы немесе нотариус куәландыруы тиіс кемеге меншік құқығы туралы куәлікті қоспағанда, кеме құжаттарының түпнұсқалары кемеді болуға тиіс.

2. Шетелде жүзуге шығатын кемелердің, Қазақстан Республикасының суларында жүзуге арналған тиісті қағидада көзделген құжаттардан басқа, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленген құжаттары болуға тиіс.

3. Шет мемлекеттердің Қазақстан Республикасының аумақтық суларына кіретін кемелерінде Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленген құжаттар болуға тиіс.

15-бап. Кемелерді техникалық байқау, куәландыру және оларды сыныптау

1. Кеме теңізде жүзу қауіпсіздігі талаптарын қанағаттандыратыны анықталғаннан кейін ғана жүзуге жіберілуі мүмкін.

2. Кемелерді техникалық байқауды, куәландыруды және оларды сыныптауды Кеме қатынасының тіркелімі немесе шетелдік сыныптау қоғамдары жүзеге асырады.

Бұл ретте кемелерді куәландыру жөніндегі өкілеттіктер және оларды шетелдік сыныптау қоғамдарының беру шарттары уәкілетті орган мен шетелдік сыныптау қоғамдары арасындағы келісімдерде айқындалады.

Кемеге сынып беру Кеме қатынасының тіркелімі немесе шетелдік сыныптау қоғамы беретін сыныптау куәлігімен куәландырылады.

Қазақстан Республикасының өзге мемлекеттік органдары мен заңды тұлғаларының кемелерге және кемеменің жекелеген элементтеріне техникалық байқауды жүзеге асыруына тыйым салынады.

3. Кеме құжаттары болмаған кезде немесе шетел туын көтеріп жүзіп жүрген кеме Қазақстан Республикасының теңіз портына келген кезде, тиісті құжаттарының болуына қарамастан, теңізде қауіпсіз жүзудің техникалық регламенттерде белгіленген талаптарын қанағаттандырмаса, уәкілетті орган мұндай кемемені Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын көтеріп жүзуші кемелермен бірдей негізде куәландырудан өткізуге құқылы.";

10) 16-бапта:

2-тармақта:

" , сондай-ақ онымен жасалатын мәмілелер" деген сөздер "(оған ауыртпалықтар)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"кеме тіркелген тиісті тізілімде" деген сөздер "Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімінде немесе кеме кітабында" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақта:

"кемелер бербоут-чартердің" деген сөздер "кемелер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын көтеріп жүзуге уақытша құқықтың" деген сөздермен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Кемелердің тіркелу мерзімін ұзарту Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидасында белгіленген, оңайлатылған тәртіппен жүзеге асырылады.";

11) 18-баптағы "кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережелеріне " деген сөздер "Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 18-1-баптың бірінші бөлігінде:

"жүзеге асырылуы мүмкін" деген сөздер "жүзеге асырылады" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген" деген сөздер "Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидасында белгіленген" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 19-баптың 2) тармақшасындағы, 20-баптағы "кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережелерінде", "кемелерді және оларға құқықтарды

тіркеу ережелеріне" деген сөздер тиісінше "Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидасында", "Кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 23-баптың 2-тармағындағы "уәкілетті орган" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 24-баптың 1-тармағындағы "кеме экипажының мүшелерін дипломдау ережелеріне" деген сөздер "Кеме экипажының мүшелеріне диплом беру қағидасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 25-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақтағы "уәкілетті орган" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 28-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Кеме иесі өзінің кемелері ұшыраған авариялық жағдайлар мен көлік оқиғалары туралы теңіз портының капитанына дереу хабарлауға, сондай-ақ өзінің кемелері ұшыраған авариялық жағдайлар мен көлік оқиғаларын тергеу кезінде жәрдемдесуге міндетті.";

18) 31-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 16) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"16) кеме иесіне авариялық жағдай туралы хабарлауға және Кемелер ұшыраған авариялық жағдайларды тергеу қағидасына сәйкес кеме не оның экипажы бірінші қазақстандық портқа келгеннен кейін:

бір тәулік ішінде порт капитанына авариялық жағдай туралы мәлімдеме мен техникалық акт;

үш тәулік ішінде порт капитанына авариялық жағдай туралы егжей-тегжейлі хабарламаны, кеме құжаттарынан үзінді-көшірмелерді, қатысы бар адамдар мен куәлердің түсініктемелерін беруге міндетті.";

19) 39-баптың 2-тармағында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімі мен бербоут-чартер тізілімін және кемелердің мемлекеттік тіркелуін жүргізуді, тиісті кеме құжаттарын беруді;"

3) тармақшадағы "теңізші паспортын" деген сөздер "теңізшінің жеке куәлігін, теңіз кітапшасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) тармақшадағы "уәкілетті орган" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 41-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"кеме құжаттарының болуын және олардың қолданылу мерзімдерін;"

21) 42-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) теңіз порты көрсеткен міндетті қызметтер үшін ақы төленбегенде рұқсат беруден бас тартады.";

22) 46-баптың 1-тармағындағы "өту ережелеріне" деген сөздер "өтуді жүзеге асыру қағидасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 49-бапта:

1-тармақтағы "Лоцманның немесе ол қызметкері болып табылатын ұйымның" деген сөздер "Лоцман қызметкері болып табылатын ұйымның" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "лоцман немесе ол қызметкері болып табылатын ұйым" деген сөздер "лоцман қызметкері болып табылатын ұйым" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "өту ережелерінде" деген сөздер "өтуді жүзеге асыру қағидасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 110-баптағы "уәкілетті орган" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 126-баптың 1-тармағындағы "Кеме иесі" деген сөздер "Жалға кеме беруші" деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 149-баптың 1-тармағындағы "көліктегі экспедиторлық қызметті жүзеге асыру ережелеріне" деген сөздер "Теңіз көлігіндегі экспедиторлық қызметті жүзеге асыру қағидасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 188-бапта:

"асып түскен" деген сөздер "асып түспеген" деген сөздермен ауыстырылсын;

"туындауы мүмкін" деген сөздер "туындаған" деген сөзбен ауыстырылсын;

28) 194-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"194-бап. Мемлекеттік органдардың құтқару операцияларына қатысуы

1. Мемлекеттік органдар осы тарауда белгіленген қағидаға сәйкес құтқару операцияларына қатысады.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыретіне сәйкес құтқару операцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың сыйақы алуға құқығы жоқ.";

29) 222-баптың 2-тармағындағы "кеме кепілімен қамтамасыз етілген" деген сөздер алып тасталсын.

15. "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 15, 134-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат):

1) 1-бапта:

2) тармақша "бөлмесі кіретін" деген сөздерден кейін ", кемінде бес мың шаршы метр аумақта орналасқан" деген сөздермен толықтырылсын;

9) тармақша "пункттер кіретін" деген сөздерден кейін ", кемінде екі жарым мың шаршы метр аумақта орналасқан" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"9-1) әлеуметтік маңызы бар тасымалдаулар – қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайына әсер ететін және қолжетімді тарифтер деңгейін әрі Қазақстан Республикасының аумағы бойынша халықтың еркін қозғалуына мүмкіндікті қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылатын тұрақты қатынастағы жолаушы тасымалдаулары;"

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдау – жеке және заңды тұлғалардың тапсырыстары (өтініштері) бойынша автобустарды, шағын автобустарды пайдалана отырып, тасымалдаушылар көрсететін көлік қызметтері;"

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) жолдама парақ – жүргізуші мен автокөлік құралының жұмысын есепке алуға және бақылау жүргізуге арналған құжат;"

19), 20), 21), 22) және 24) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 25-1) тармақшамен толықтырылсын:

"25-1) тахограф – жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін тіркеудің механикалық не электрондық (цифрлық) бақылау құрылғысы;"

27) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"27) уәкілетті орган – автомобиль көлігі саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;"

2) 4-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) тұтынушыға автомобиль көлігі саласындағы көрсетілетін қызметтерді таңдау еркіндігін қамтамасыз ету;"

3) 7-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Автобустармен, шағын автобустармен жолаушылар тасымалдауға кем дегенде жиырма бір жастағы, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және кемінде үш жыл жүргізушілік жұмыс стажы, оның ішінде кемінде бір жыл "С" санатына жататын көлік құралдарын басқару стажы бар жүргізушілер жіберіледі.";

4) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Автомобильмен тасымалдаудың түрлері

1. Автомобильмен тасымалдау:

1) жолаушылар мен багажды тасымалдау;

2) жүк тасымалдау;

3) почта тасымалдау болып бөлінеді.

2. Қатынас түрлері бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдау:

1) халықаралық – Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттер арасындағы немесе Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік тасымалдаулар;

2) республикаішілік – Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан елді мекендер арасындағы тасымалдаулар болып бөлінеді.

3. Жолаушылар мен багажды республикаішілік тасымалдау әкімшілік-аумақтық белгілеріне қарай мынадай түрлерге бөлінеді:

1) қалалық (ауылдық) – елді мекеннің белгіленген шекарасының шегіндегі тасымалдау;

2) қала маңындағы – елді мекеннің белгіленген шекарасынан бастап есептелетін, ұзақтығы елу километрге дейінгі қала маңындағы аймақтағы елді мекенмен жалғастыратын маршруттар бойынша тасымалдау;

3) ауданішілік – бір аудан шегіндегі елді мекендердің арасындағы тасымалдау;

4) ауданаралық (облысішілік қаларалық) – бір облыс шегіндегі, әртүрлі аудандардағы елді мекендер арасында жүзеге асырылатын немесе облыстық маңызы бар қалалармен елді мекендерді жалғастыратын тасымалдау;

5) облысаралық қалааралық – әртүрлі облыстардағы елді мекендердің арасында жүзеге асырылатын немесе республикалық маңызы бар қалалармен, астанамен елді мекендерді жалғастыратын тасымалдау.

3. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдау ұйымдастыру сипаты бойынша тұрақты және тұрақты емес болып бөлінеді.";

5) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Автокөлік құралдарын тахографтармен жабдықтау жөніндегі талаптар

1. Тахографтармен жабдықтауға автобустар, жүк автомобильдері, оның ішінде:

1) қауіпті жүктердің автомобиль тасымалдарын;

2) жолаушылардың, багаждың және жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдарын;

3) жолаушылардың және багаждың облысаралық қалааралық, ауданаралық (облысішілік қалааралық) және ауданішілік автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын мамандандырылған автомобильдер жатады.

2. Электрондық (цифрлық) тахографтар орнатуды тізбесін уәкілетті орган бекітетін сервис орталықтары жүзеге асырады. Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидасында белгіленген талаптарға сай келуі тізбеге енгізу үшін негіз болып табылады.

3. Тахографтарды, оның ішінде электрондық (цифрлық) тахографтарды және электрондық карточкаларды пайдалану Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидасына сәйкес жүргізіледі, оларда мыналар:

1) жүргізушілердің еңбегі мен тынығуы режиміне және оны тіркеуге қойылатын талаптар;

2) тахографтарды орнату және пайдалану жөніндегі талаптар;

3) тахографтарды орнатуды жүзеге асыратын сервис орталықтарына қойылатын талаптар;

4) электрондық (цифрлық) тахографтар орнатуды жүзеге асыратын сервис орталықтары тізбесіне енгізу тәртібі;

5) электрондық (цифрлық) тахографты сертификаттау және оның электрондық карточкаларын беру тәртібі;

6) электрондық (цифрлық) тахографтар бойынша ұлттық дерекқордың жұмыс істеу тәртібі белгіленеді.

4. Электрондық карточкаларды қолданбай электрондық (цифрлық) тахографтарды пайдалануға рұқсат етілмейді.";

6) 12, 13 және 14-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлейді;

2) автомобиль көлігі саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тасымалдауларды жүзеге асыру кезінде автокөлік құралдарының жүріп өту тәртібін айқындайды;

4) автомобиль көлігі саласында лицензиялау қағидасын, оның ішінде лицензиаттарға қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;

5) Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға жол берілетін қауіпті жүктердің тізбесін бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша Автокөлік құралдарымен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидасын, қауіпті жүктер тасымалдайтын жүргізушілер мен автокөлік құралдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;

7) тасымалдаушыларды төтенше жағдайларды жоюға тарту тәртібін айқындайды;

8) Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасын бекітеді;

9) Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидасын бекітеді;

10) Автомобиль көлігі құралдарын техникалық пайдалану қағидасын бекітеді;

11) автомобиль көлігі саласындағы техникалық регламенттерді бекітеді;

12) Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидасын бекітеді;

13) Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдауларында рұқсат беру жүйесін қолдану қағидасын бекітеді;

14) Әлеуметтік мәні бар жолаушылар тасымалдауларын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың залалдарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидасын бекітеді;

15) жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды ұйымдастырудың үлгі шартын бекітеді;

16) Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

13-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

1) автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) өз құзыреті шегінде автомобиль көлігі саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қатысады және халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттерде Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіреді;

3) автомобиль көлігі саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлейді;

4) тиісті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен келісім бойынша жолаушылар мен багажды автомобильмен облысаралық қалааралық тұрақты тасымалдаудың маршруттары мен қозғалыс кестелерін бекітеді;

5) жолаушылар мен багажды автомобильмен халықаралық тұрақты тасымалдауды ұйымдастырады, аталған тасымалдаулардың маршруттары бойынша қозғалыс кестесін келіседі;

6) жолаушылар мен багажды автомобильмен халықаралық және облысаралық қалааралық тұрақты тасымалдау маршруттарының тізілімін жүргізеді;

7) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес лицензиялауға жататын қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялауды жүзеге асырады;

8) осы Заңның 19-4-бабында белгіленген жағдайларды қоспағанда, автомобиль көлігінің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары талаптарының сақталуын бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

9) автомобиль көлігі саласында мемлекеттің қоғамдық бірлестіктермен және қауымдастықтар (одақтар) нысанындағы заңды тұлғалар бірлестіктерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

10) Халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға автомобильмен тасымалдаушыларға рұқсат беру қағидасын бекітеді;

11) Қазақстан Республикасының аумағында жүк көлігі құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын қолдану қағидасын бекітеді;

12) автомобиль көлігі саласындағы техникалық регламенттерді әзірлейді;

13) көліктік бақылау бекеттерінің жұмысын ұйымдастыру тәртібін бекітеді;

14) жүк көлігі құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын беруді жүзеге асырады;

15) Қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарының жүргізушілерін арнайы даярлау курстарын ұйымдастыру қағидасын бекітеді;

16) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді;

17) тұрақты маршруттар бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдау жөнінде қызмет көрсетуге тарифтер есептеу әдістемесін белгіленген тәртіпке сәйкес бекітеді;

18) халықаралық және республикаішілік қатынаста қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарының жүргізушілерін даярлау курстарын ұйымдастырады;

19) жүргізушіге халықаралық және республикаішілік қатынаста қауіпті жүктерді автокөлік құралдарымен тасымалдауға рұқсат беру туралы куәлік беруді жүзеге асырады;

20) электрондық (цифрлық) тахографтарды орнатуды жүзеге асыратын сервис орталықтарының тізбесін бекітеді;

21) электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкалар беруді жүзеге асырады;

22) электрондық (цифрлық) тахографтар жөніндегі ұлттық дерекқорды жүргізеді;

23) Автомобиль көлігімен мүгедектерді тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидасын бекітеді;

24) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

14-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті өкілді және атқарушы органдарының құзыреті

1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілді органдары:

1) жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдауды, оның ішінде ауданішілік және ауылдық тасымалдауларды дамыту бағдарламасын бекітеді;

2) өз құзыреті шегінде жолаушылар көлігін дамытудың кешенді схемасын және жол қозғалысын ұйымдастыру жобаларын бекітеді;

3) шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекітеді;

4) әлеуметтік мәні бар тасымалдауларды субсидиялау бағдарламасын бекітеді;

5) әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындайды;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары:

1) жолаушылар мен багажды тұрақты облысаралық қалааралық, ауданаралық (облысішілік қалааралық), ал республикалық маңызы бар қалаларда, астанада – қалалық және қала маңындағы тасымалдауды ұйымдастырады, оларға қызмет көрсету құқығына конкурстар өткізеді;

2) жолаушылар мен багажды тұрақты ауданаралық (облысішілік қалааралық), ал республикалық маңызы бар қалаларда, астанада – қалалық және қала маңындағы тасымалдаулар маршруттарын және қозғалыс кестелерін бекітеді;

3) жолаушылар мен багажды тұрақты облысаралық қалааралық автомобильмен тасымалдаулар маршруттарын және жүру кестелерін келіседі;

4) республикалық маңызы бар қалаларда, астанада жолаушылар мен багажды таксимен тасымалдауларды ұйымдастырады;

5) автовокзалдар мен автостанциялардың тізілімін жүргізеді;

6) жолаушылар мен багажды тұрақты ауданаралық (облысішілік қалааралық), ал республикалық маңызы бар қалаларда, астанада – қалалық және қала маңындағы автомобильмен тасымалдау маршруттарының тізілімін жүргізеді;

7) алыстағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін әзірлейді;

8) жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдауды, оның ішінде ауданішілік және ауылдық тасымалдауларды дамыту бағдарламасын әзірлейді;

9) жолаушылар көлігін дамытудың кешенді схемасын және жол қозғалысын ұйымдастыру жобаларын әзірлейді;

10) жолаушыларды ауданаралық (облысішілік қаларалық), ал республикалық маңызы бар қалаларда, астанада – қалалық және қала маңындағы қатынастарда әлеуметтік мәні бар тасымалдауларды жүзеге асыру кезіндегі тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялауды жүзеге асырады;

11) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасында жергілікті атқарушы органдарға жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары :

1) жолаушылар мен багажды тұрақты қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік тасымалдауларды ұйымдастырады, олардың маршруттарын бекітеді, оларға қызмет көрсету құқығына конкурстар ұйымдастырады және өткізеді, маршруттар бойынша жүру кестелерін бекітеді;

2) жолаушылар мен багажды тұрақты қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік автомобильмен тасымалдау маршруттарының тізілімін жүргізеді;

3) жолаушылар мен багажды таксимен тасымалдауды ұйымдастырады;

4) алыстағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдауды ұйымдастырады;

5) қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастарда әлеуметтік мәні бар жолаушылар тасымалдауларын жүзеге асыру кезіндегі тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялауды жүзеге асырады;

6) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасында жергілікті атқарушы органдарға жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.";

7) 15-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы "жүзеге асыруға құқығы бар." деген сөздер "жүзеге асыруға;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) осы Заңның 19-6-бабында көрсетілген, тексеру жүргізуге қажетті құжаттарды жеке және заңды тұлғалардан сұратуға құқығы бар.";

8) 19-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. Тарифтер

1. Осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделгендерден басқа жағдайларда жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдауға еркін (шарттық) тарифтер белгіленеді.

2. Жолаушылар мен багажды қалалық (ауылдық) қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифін жергілікті атқарушы орган барлық маршруттар үшін бірыңғай белгілейді.

3. Жолаушылар мен багажды қала маңындағы қатынаста автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифі жергілікті атқарушы орган бекітетін тарифтер желісіне сәйкес жолдың қашықтығына қарай белгіленеді.

4. Жолаушыларды әлеуметтік мәні бар тұрақты тасымалдау тарифтерін жергілікті атқарушы орган белгілейді.

5. Осы баптың 2-4-тармақтарына сәйкес белгіленетін тарифтер жергілікті өкілді органмен келісуге жатады.

6. Егер осы баптың 2-4-тармақтарына сәйкес белгіленген тарифтер жолаушылар тасымалының рентабельділігін қамтамасыз етпесе, жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тасымалдаушылардың залалын субсидиялайды.";

9) 2-1-тараудың тақырыбында:

"көліктік" деген сөз "мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын;

бұл өзгерістің мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;

10) 19-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"19-1-бап. Автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік бақылаудың мәні мен мақсаты

1. Автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау (бұдан әрі – көліктік бақылау) автомобиль көлігінің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының талаптарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауы үшін жүргізіледі.

2. Көліктік бақылау жүргізудің мақсаты Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету болып табылады.

3. Уәкілетті орган орталық және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасайды, бірлескен бақылау шараларын қабылдайды, өзара ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді.";

11) 19-2-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы "лицензиялық қағидалардың" деген сөздер "лицензиялау қағидасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 19-5-баптың 2-тармағындағы "жүргізушінің еңбегі мен тынығуы режимінің бақылау қондырғысының (тахограф)" деген сөздер "тахографтың" деген сөзбен ауыстырылсын;

13) 19-6-баптың 3-тармағында:

4) тармақшадағы "автомобиль көлігімен жолаушыларды және багажды тасымалдау ережелері" деген сөздер "Жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау қағидасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидасында Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тасымалдауды жүзеге асыру кезінде автокөлік құралдарының жүріп өтуінің белгіленген талаптарының орындалуын және Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының рұқсат етілетін параметрлерге сәйкес болуын";

б) тармақшадағы "ережелер" деген сөз "қағида" деген сөзбен ауыстырылсын;

7) тармақшадағы "жүргізушілердің еңбегі мен тынығуы режимін тіркеудің бақылау қондырғыларымен (тахографтармен)" деген сөздер "тахографтармен" деген сөзбен ауыстырылсын;

8) және 11) тармақшалардағы "автокөлік құралдарымен қауіпті жүктерді тасымалдау ережелері," "жол жүрісі ережелерін" деген сөздер тиісінше "Қауіпті жүктерді автокөлік құралдарымен тасымалдау қағидасы," "Жол қозғалысы қағидасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) тармақшадағы "болуын тексереді." деген сөздер "болуын;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

"12) электрондық (цифрлық) тахографтарды орнату жөніндегі талаптардың орындалуын тексереді.";

14) 19-7-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) автомобиль көлігінің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының талаптарын бұзушылықтарды анықтау және олардың жолын кесу жөніндегі шараларды қабылдау;"

2) тармақшадағы "лицензиялық ережелердің" деген сөздер "лицензиялау қағидасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшадағы "жолаушылар мен багаж тасымалы ережесін" деген сөздер "Жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) тармақша "тұрақты емес" деген сөздерден кейін "халықаралық" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) республикаішілік қатынаста жолаушылар мен багажды тұрақты емес автомобильмен тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асыру кезінде тасымалдау шартының болуын тексеру;"

14), 18) және 19) тармақшалар алып тасталсын;

15) 20-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) егер ол жеке орын алмаса, өзімен бірге жеті жасқа дейінгі бір баланы тегін, не таксиден басқа көлікте, он бес жасқа дейінгі балаларды оларға жеке орын беріп, елу пайыз мөлшерде жол ақысын төлеп, алып жүруге;"

2-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасындағы "қалалық, қала маңындағы, облысшілік қалааралық, облысаралық қалааралық, халықаралық" деген сөздер алып тасталсын;

16) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру

1. Егер:

1) автомобиль жолдарының өткізу қабілеті белгілі бір маршруттар бойынша автобустардың, шағын автобустардың тұрақты жүрісін жүзеге асыруға мүмкіндік берсе ;

2) автомобиль жолдарының жай-күйі және жайластырылуы жол жүрісі қауіпсіздігінің талаптарына сәйкес келсе, жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау ұйымдастырылуы мүмкін.

2. Халықаралық тасымалдауларды қоспағанда, жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жолаушылар мен багаждың аталған тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығын конкурста жеңіп алған және тасымалдаушылар мен тиісті жергілікті атқарушы органдар арасында жасалатын шарттар негізінде оларға қызмет көрсету құқығына куәлік алған тасымалдаушылар жүзеге асырады.

Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды ұйымдастырудың үлгі шартын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Тасымалдаудың аталған түрлерін куәліксіз жүзеге асыруға жол берілмейді.

3. Жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттары тасымалдаушылар арасында конкурстық негізде бөлінеді. Конкурсқа жеке маршрут та, бір лотпен бірнеше маршрут та қойылуы мүмкін.

4. Жолаушылар мен багажды тұрақты қалааралық, облысаралық, ауданаралық (облысішілік қалааралық), ауданішілік және халықаралық тасымалдау тасымалдаушылардың және автовокзалдар немесе автостанциялар әкімшіліктерінің арасында жасалатын шарттар негізінде тек қана автовокзалдардан немесе автостанциялардан жүзеге асырылады.

Автовокзалдар мен автостанциялардың осы қызмет түріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен рұқсат берілген жолаушылар мен багажды тасымалдаушылармен шарт жасасудан бас тартуға құқығы жоқ.

5. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушылар автобустарды, шағын автобустарды рейс алдында (ауысым алдында) техникалық тексеруді және ақауы болған жағдайда оларды уақтылы ауыстыруды қамтамасыз етуге міндетті.

6. Егер жолаушылар мен багажды тасымалдау маршрутына қызмет көрсету құқығына бір ғана қатысушының өтінімі берілсе, онда конкурс өткізілмеді деп танылады. Егер конкурсты қайта өткізу кезінде осы маршрутқа бір қатысушының өтінімі берілсе, онда конкурс талаптарына сай келген жағдайда, онымен шарт жасалады.

7. Маршрутқа (маршруттарға) қызмет көрсету құқығын үшінші тарапқа беруге жол берілмейді.";

17) 22-бапта:

1-тармақта:

3) тармақшадағы "автомобиль көлігіндегі жолаушылар және багаж тасымалдау ережелерін" деген сөздер "Жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау қағидасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "талап етуге құқығы бар." деген сөздер "талап етуге;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) жүк көлігі құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын алуға құқығы бар."

;

2-тармақта:

б) тармақшадағы "қалалық, қала маңындағы, қалааралық облысішілік, қалааралық облысаралық" деген сөздер алып тасталсын;

8) тармақшадағы "хабардар етуге міндетті." деген сөздер "хабардар етуге;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) тасымалдауларды жүзеге асыру қауіпсіздігі үшін жауапты тұлғаны белгілеуге міндетті.";

3-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жолаушылардың қауіпсіз отырғызылуы мен түсірілуін қамтамасыз етуге міндетті.";

18) 23-баптың тақырыбында және мәтінінде "облысшілік қалааралық, қалалық, қала маңындағы және елді мекендерді: кенттерді, ауылдарды (селоларды) аудан немесе облыс орталықтарымен, республикалық маңызы бар қалалармен (астанамен) жалғастыратын", "қалааралық облысаралық, қалааралық облысшілік, қалалық, қала маңындағы және елді мекендерді: кенттерді, ауылдарды (селоларды) аудан немесе облыс орталықтарымен, республикалық маңызы бар қалалармен (астанамен) жалғастыратын" деген сөздер тиісінше "республикашілік" деген сөзбен ауыстырылсын ;

19) 24-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"24-бап. Жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асыру

1. Жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушылардың автовокзалдар (автостанциялар) аумағынан және жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттары бойынша жолаушылар отырғызуына тыйым салынады.

2. Тұрақты емес республикашілік қатынаста тасымалдау кезінде жолаушылар мен багажды тасымалдау шарты тапсырыс беруші мен тасымалдаушы арасында екі дана – тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден жазбаша нысанда жасалады. Уәкілетті органның лауазымды тұлғаларының талап етуі бойынша тасымалдаушы осы шарттың көшірмесін ұсынуға міндетті.

Бұл ретте шартта:

1) шарттың мәні;

2) сапардың мақсаты;

3) жүріс маршруты, жолаушыларды отырғызу мен түсірудің бастапқы және соңғы пункттері;

4) жеткізу мерзімі;

5) кіре ақысы;

6) тараптардың құқықтары мен міндеттері;

7) шарт бойынша міндеттемелерді тараптардың орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілігі;

8) дауларды шешу тәртібі;

9) жолаушылар тізімінің болуы көзделуге тиіс.";

20) 26-баптың 3-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасындағы "жол қозғалысы ережелерінің" деген сөздер "Жол жүру қағидасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 29-баптың 3) және 11) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына конкурстар ұйымдастыру және өткізу тәртібі";

"11) халықаралық және республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарында жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттерін, сондай-ақ таксимен тасымалдау кезінде жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттерін безендіру мен күтіп-ұстауға қойылатын талаптар";

22) 41-баптың 13) тармақшасындағы "тәртібін айқындайды." деген сөздер "тәртібін;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 14) және 15) тармақшалармен толықтырылсын:

"14) халықаралық қатынаста тез бұзылатын жүктерді тасымалдайтын автокөлік құралдарын куәландыру тәртібін;

15) тез бұзылатын жүктерді тасымалдайтын автокөлік құралдарына қойылатын талаптарды айқындайды.";

23) 43-бапта:

2-тармақтағы "тұрақты емес халықаралық" деген сөздер "халықаралық тұрақты емес" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Жолаушылар мен багажды халықаралық қатынаста тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының аумағындағы пункттердің арасында жолаушылар тасымалдауға тыйым салынады.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде құжаттарды ресімдеу және тұрақты маршруттар бойынша жолаушыларды халықаралық тасымалдауды жүзеге асыратын автобустарды өткізу кезектен тыс жүргізіледі.";

24) 45-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"45-бап. Халықаралық автомобиль тасымалдауларын жүзеге асыру кезінде тасымалдаушыларға, жүргізушілерге және автокөлік құралдарына қойылатын талаптар

1. Халықаралық автомобиль тасымалдауларын жүзеге асыратын тасымалдаушылар халықаралық талаптарға сай келетін, өз мемлекетінің тіркеу және айырым белгілері бар автокөлік құралдарын пайдалануға тиіс.

Белгіленген талап тіркемелер мен жартылай тіркемелерге қолданылмайды.

2. Халықаралық автомобиль тасымалдауларын жүзеге асыру кезінде автокөлік құралдарының жүргізушілері Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнамасында белгіленген жүргізушілердің еңбегі мен тынығуы режимін сақтауға міндетті.

3. Жүктерді автомобильмен халықаралық тасымалдаулар уәкілетті орган беретін рұқсат ету туралы куәліктің негізінде жүзеге асырылады. Тасымалдаушыға қойылатын

талаптар Жүктерді автомобильмен халықаралық тасымалдауларды жүзеге асыруға автомобильмен тасымалдаушыларға рұқсат беру қағидасында белгіленеді.

4. Қазақстан Республикасында тіркелген, тез бұзылатын жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарында халықаралық тасымалдауларды жүзеге асыру кезінде уәкілетті орган беретін Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидасында белгіленген талаптарға олардың сәйкестігі туралы куәлік болуға тиіс.";

25) 47-бапта:

1-тармағындағы "және елді мекендерді: кенттерді, ауылдарды (селоларды) аудан немесе облыс орталықтарымен, республикалық маңызы бар қалалармен (астанамен) жалғастыратын" деген сөздер ", ауданішілік және ауылдық" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "облысшілік, қалааралық" деген сөздер "ауданаралық (облысшілік қалааралық)" деген сөздермен ауыстырылсын;

26) мынадай мазмұндағы 54-1-баппен толықтырылсын:

"54-1-бап. Өтпелі ережелер

Осы Заңның 1-бабының 2) және 9) тармақшаларында белгіленген автовокзалдар мен автостанциялардың аумағының алаңына қойылатын талаптар 2011 жылдың 1 қаңтарына дейін пайдалануға қабылданған автовокзалдар мен автостанцияларға қолданылмайды."

16. "Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 14, 81-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 121-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат):

1) 8-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 8-4) тармақшамен толықтырылсын:

"8-4) азаматтық пайдаланушыларға радиожилік спектрін пайдалануға арналған рұқсаттарды бөлу, иелікке беру, шақыру сигналын иелікке беруді қоса алғанда, кеме станциясына рұқсаттар беру;"

2) 11-бапта:

4-тармақтың 4) тармақшасындағы "тәртібін әзірлеуді қамтамасыз етеді және бекітеді." деген сөздер "тәртібін;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) радиожилік спектрін иелікке беру, кеме станциясына рұқсаттар беру және шақыру сигналын иелікке беру тәртібін әзірлеуді қамтамасыз етеді және бекітеді.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Міндетті мемлекеттік тіркеуге жататын азаматтық мақсаттағы, оның ішінде ішкі су жолдарындағы кемелерде телерадиохабарлар тарату мақсатында пайдаланылатын радиоэлектронды құралдар мен жиілігі жоғары құрылғылардың тізбесін уәкілетті орган бекітеді.

Радиоэлектронды құралдар мен жиілігі жоғары құрылғыларды мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленетін тәртіппен алым алынады."

17. "Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 15, 88-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 23, 141-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша "кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережелеріне", "кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережелерін", "кемелер мен оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережелеріне", "кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережелерімен", "кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережелерінде", "Кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережелерін" деген сөздер тиісінше "Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидасына", "Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидасын", "Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидасында", "Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидасымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) әлеуметтік мәні бар тасымалдаулар – халықтың тасымалдауларға сұранымын қанағатандыратын және жергілікті атқарушы органдар айқындайтын жолаушыларды тұрақты қатынаста ішкі су көлігімен тасымалдау;"

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) жағалау белдеуі – экологиялық талаптарды сақтай отырып, навигациялық белгілер мен жабдықтарды орнатуға арналған, жағалау сызығынан бастап ені жиырма метрге тең, су объектілері жағалауы бойындағы құрлық белдеуі;"

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) жалға алынған шетелдік кемелер тізілімі – осы Заңның 26-бабының 5-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетін шетелдік кемелер тіркелетін құжат;"

7) және 8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"7) жол жұмыстары – ішкі су жолдарындағы су түбін тереңдету, түзеп-жөндеу, тральдау, су түбін тазарту, іздестіру жұмыстары және навигациялық құрал-жабдықтарды орналастыру мен күтіп ұстау жөніндегі басқа да жұмыстар;

8) жолаушы – тасымалдаушымен шарттық қатынастарда тұрған және билетте немесе оның жол жүру құқығын растайтын өзге де құжатта көрсетілген не жүк тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушының келісімімен автокөлік құралын, жануарларды және өзге де жүкті алып жүруге оның құқығы расталған адам;"

мынадай мазмұндағы 8-1) және 8-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"8-1) жолаушы куәлігі – кемедегі жолаушылардың рұқсат етілген ең көп саны туралы мәліметтерді қамтитын кеме құжаты;

8-2) жолаушылар кемесі – он екіден артық жолаушыны тасымалдауға арналған кеме ;";

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) кеме – Кеме қатынасы тіркелімінің техникалық бақылауындағы, ішкі суларда жүзетін кеме, кеме қатынасы мақсатында пайдаланылатын өздігінен жүзетін немесе өздігінен жүзбейтін жүзбелі құрылғы, оның ішінде "өзен-теңізде" жүзетін кеме, паром, техникалық флот кемесі (су түбін тереңдетуші және су түбін тазартушы снарядтар, жүзбелі кран және басқа да осы сияқты техникалық құрылғылар);";

мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

"13-1) кеме ипотекасы – мемлекеттік тіркеуге жататын ішкі суда жүзетін кеме, оның ішінде шағын көлемді кеме, "өзен-теңізде" жүзетін кеме, сондай-ақ жасалып жатқан кеме, тиісті тізілімде тіркелген шарт негізінде туындайтын ипотекасы";

16) және 17) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"16) кеме қатынасы шлюзі – кемелерді судың бір деңгейінен екінші деңгейіне көтеруге немесе түсіруге арналған гидротехникалық құрылыс;

17) Кеме қатынасының тіркелімі – ішкі суларда жүзетін кемелерді және "өзен-теңізде" жүзетін кемелерді жіктейтін және олардың техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік кәсіпорын";

23) тармақшадағы "навигациялық белгілермен немесе өзге де тәсілдермен белгіленген және кеме қатынасы мақсатында пайдаланылатын" деген сөздер "кеме қатынасы мақсатында пайдалануға болатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 35-1) және 42-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"35-1) судың жобалық деңгейі – кеме қатынасы қарқындылығының белгісі бойынша су жолдары тобына қарай көпжылдық қамтамасыз етудің белгіленген шамасы бар төменгі навигация деңгейлерінің бірі, оның негізінде кеме қатынасы өзендерінде кепілдік берілген кеме жүрісі габариттері белгіленеді";

"42-1) тіркеу нөмірі – кеме, оның ішінде шағын көлемді кеме мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру кезінде оған берілетін нөмірі";

43) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"43) уәкілетті орган – ішкі су көлігі саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган";

44) тармақша "жолдарын" деген сөзден кейін "және кеме қатынасының гидротехникалық құрылыстарын (шлюздерін)" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 45) тармақшамен толықтырылсын:

"45) шағын көлемді кеме – кеме қатынасына байланысты емес, демалыс, серуен, спорт және басқа қызмет үшін әдейі арналған, жолаушы сыйымдылығы он екі адамға дейін немесе жалпы сыйымдылығы сексен тіркелімдік тоннадан аспайтын қозғалтқыш қуатына және ұзындығына байланыссыз жүзбелі құрылыс, сондай-ақ аспалы моторы бар кемелер (қозғалтқыш қуатына қарамастан), жүк көтергіштігі бір жүз елу килограмм және одан артық желкенді кемелер және өздігінен жүзбейтін кемелер (жүк көтергіштігі бір жүз килограмм және одан артық ескекті қайықтар, жүк көтергіштігі бір жүз елу килограмм және одан артық – байдаркалар, жүк көтергіштігі екі жүз жиырма бес килограмм және одан артық – үрмелі кемелер).";

3) 3-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) гидротехникалық құрылыстардағы;"

4) 8 және 9-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне:

1) ішкі су көлігі саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу;

2) ішкі су жолдарын және ішкі су көлігін дамыту жөніндегі тұжырымдама мен бағдарламаларды бекіту;

3) ішкі су көлігі саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

4) Ішкі су жолдарын пайдалану қағидасын бекіту;

5) Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидасын бекіту;

6) порттың міндетті қызмет көрсетулерінің тізбесін бекіту;

7) жағалау белдеуін пайдалану тәртібін айқындау;

8) кемелерді лоцмандық алып өтуді жүзеге асыру тәртібін айқындау;

9) ішкі су көлігі саласындағы жекелеген қызмет түрлерін лицензиялау кезінде біліктілік талаптарын бекіту;

10) біліктілік комиссиялары туралы ережені, кемелердің командалық құрамының адамдарына және экипаждың басқа да мүшелеріне диплом беру және аттестаттау тәртібін бекіту;

11) кемелермен тасымалдауға арналған қауіпті жүктер тізбесін бекіту;

12) Қауіпті жүктерді тасымалдау қағидасын бекіту;

13) Қазақстан Республикасының аумағымен транзиттік жолаушы қатынасына тыйым салу туралы шешімдер қабылдау;

14) Қазақстан Республикасының аумағына (аумағынан) багажды және жүкті әкелуге, әкетуге, олардың транзитіне тыйым салу туралы шешімдер қабылдау;

15) ішкі су көлігі саласындағы техникалық регламенттерді бекіту;

16) кемелер экипаждарының ең аз құрамына қойылатын талаптарды белгілеу;

17) Кемелердің портқа кіру және порттан шығу, кемелердің порт акваториясы мен порттағы тұрақ шегінде жүзуі қағидасын бекіту;

18) кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін айлаққа қою, тоқтату және олардың тұрақта тұруы үшін уақытша құрылғылар мен жүзу құрылыстарын қою, жолаушыларды кемеге отырғызу әрі одан түсіру, жүктерді тиеу, түсіру және сақтау тәртібін айқындау;

19) Ішкі су көлігінде жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау қағидасын бекіту;

20) Кемелердегі, оның ішінде ішкі су жолдарындағы шағын көлемді кемелердегі көлік оқиғаларын тергеуді, оларды сыныптауды және есепке алуды жүргізу қағидасын бекіту;

21) Ішкі суда жүзетін кемелерді техникалық пайдалану қағидасын бекіту;

22) Кеме жүргізушілерін шағын көлемді кемелерді басқару құқығына аттестаттау қағидасын бекіту;

23) Шағын көлемді кемелерді және олар тоқтайтын базаларды (құрылыстарды) пайдалану қағидасын бекіту;

24) Шағын көлемді кемені және олар тоқтайтын базаларды (құрылыстарды) техникалық қадағалау қағидасын бекіту;

25) Ішкі су жолдарында жүзу қағидасын бекіту;

26) Кемелердегі қызмет жарғысын бекіту;

27) Кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін сүйреу қағидасын бекіту;

28) Тасымалдаушылардың әлеуметтік мәні бар жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыруға байланысты залалдарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидасын бекіту;

29) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы Заңда, өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде жүктелген өзге де өкілеттіктерді орындау жатады.

9-бап. Уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің құзыреті

1. Уәкілетті органның құзыретіне:

1) ішкі су жолдарын және ішкі су көлігін дамыту жөніндегі тұжырымдама мен бағдарламаларды әзірлеу;

2) кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, ішкі су көлігінің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді жеке және заңды тұлғалардың сақтауын бақылауды ұйымдастыру;

3) ішкі су жолдарының кеме қатынай алатын жағдайда болуын қамтамасыз ету және шлюздерді күтіп ұстау;

4) ішкі су көлігі саласындағы техникалық регламенттерді әзірлеу;

5) Мемлекеттік кеме тізілімінің, Жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінің және кеме кітабының нысандарын бекіту;

6) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығын беру және кемені шет мемлекеттің туын көтеріп жүзуге уақытша ауыстыру туралы шешім қабылдау;

7) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлеу және бекіту;

8) лоцмандық қызмет туралы ережені бекіту;

9) міндетті түрде лоцмандық алып өтуге жататын ішкі су жолдары учаскелерінің, кемелер түрлері мен көлемдерінің тізбесін бекіту;

10) Ішкі және аралас "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді сыныптау қағидасын бекіту;

11) кемелердің, порттардың, жағалау объектілерінің, кеме қатынасы гидротехникалық құрылыстарының техникалық куәландырылуын жүргізуді қамтамасыз ету;

12) Пайдаланылатын кемелерді куәландыру қағидасын бекіту;

13) Кемелерді жасауды және материалдар мен бұйымдарды дайындауды техникалық байқау қағидасын бекіту;

14) Кемелердің кеме қатынасы шлюздері арқылы өту қағидасын бекіту;

15) Кемелерді жөндеу қағидасын бекіту;

16) киім нысаны үлгілерін (погонсыз) және айырым белгілерін, нысанды киім киіп жүру тәртібін, онымен қамтамасыз ету нормаларын және оларды киіп жүру құқығы бар мемлекеттік көліктік бақылау қызметкерлері мен ішкі су көлігі қызметкерлері лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесін бекіту;

17) Аралас "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді жасау қағидасын бекіту;

18) Пайдаланылған кемелердің элементтерін пайдалана отырып, ішкі және аралас "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді жасау қағидасын бекіту;

19) Ішкі суларда жүзетін кемелерді және аралас "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді жаңарту жөніндегі қағиданы бекіту;

20) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес ішкі су көлігі саласындағы жекелеген қызмет түрлерін лицензиялау;

21) Техникалық флот кемелерін жаңарту жөніндегі қағиданы бекіту;

22) Ішкі суда жүзетін кемелерді жасау қағидасын бекіту;

23) өз құзыреті шегінде ішкі су көлігі саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қатысу және халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру;

24) ішкі су көлігі саласында туындайтын қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу;

25) суға кеткен мүлікті көтеру тәртібі мен мерзімдерін айқындау;

26) Қазақстан Республикасының кеме қатынасының су жолдарын пайдалану құқығына рұқсат беру жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

27) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

2. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің (бұдан әрі – аумақтық бөлімше) құзыретіне:

1) кемелердің, салдардың және ішкі су жолдарында орналасқан өзге де жүзбелі объектілер мен құрылыстардың кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына сай болуын қарап-тексеруді жүргізу;

2) кемелерді тіркеу;

3) кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына сай келмейтін кемелерді, салдарды және өзге де жүзу объектілерін ұстау;

4) кеме қатынасы қауіпсіздігіне, адамдардың өмірі мен денсаулығына, жүктердің сақталуына қатер төнген кезде кемелердің, салдардың және өзге де жүзу объектілерінің қозғалысын тоқтата тұру және оған тыйым салу;

5) Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттар талаптарының сақталуын бақылауды өз құзыреті шегінде жүзеге асыру;

б) ішкі су жолдарының жай-күйін қадағалау;

7) кемелерде техникалық пайдалану қағидасының, қызмет жарғыларының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

8) ішкі су жолдарында кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған өзге де шараларды жүзеге асыру;

9) Ішкі су жолдарында жүзу қағидасының сақталуын лоцмандық қызметтің және ішкі су көлігіндегі өзге де қызметтердің бақылауы;

10) шағын көлемді кемелерді техникалық қадағалауды жүзеге асыру;

11) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде немесе кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру, сондай-ақ теңізші паспортын беру;

12) кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты қызметкерлерді аттестаттауды жүргізу;

13) Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі туралы заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымдар шығару;

14) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.";

5) 11-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ішкі су жолдары және оларда орналасқан кеме қатынасы үшін пайдаланылатын кеме қатынасының гидротехникалық құрылыстары мемлекет меншігінде болады.

Кеме қатынасы жолдарына кеме қатынасы үшін ашық ішкі су жолдары жатады. Кеме қатынасы су жолдарының тізбесі Қазақстан Республикасының су заңнамасына сәйкес белгіленеді.";

6) 12-бапта:

1-тармақтағы "Жол" деген сөз "Астананың әкімшілік-аумақтық шекарасы шегіндегі Есіл өзенінің кеме қатынасы учаскесін қоспағанда, су жолы" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Астананың әкімшілік-аумақтық шекарасы шегіндегі Есіл өзенінің кеме қатынасы учаскесінде су жолы жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз етуді астана әкімдігі жүзеге асырады.";

7) 13-баптың 10-тармағындағы "Кемелердің, салдардың және басқа да жүзу объектілерінің" деген сөздер "Уәкілетті органның кәсіпорындары кемелерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 15-бапта:

3-тармақ алып тасталсын;

4-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) су жолдарын кеме қатынасы жағдайында және шлюздерді күтіп ұстауды қамтамасыз ету бағдарламасы бойынша мемлекеттік тапсырысқа сәйкес ішкі су жолдарын күтіп ұстауды жүзеге асыруға міндетті.

Судың деңгейі жобалық деңгейден төмендеген және уәкілетті орган өзеннің сағасының отыруына әкеп соғатын түбін тереңдету жұмыстарын одан әрі жүргізудің орынсыздығын айқындаған кезде уәкілетті органның кәсіпорындары кеме жүрісінің кепілдік берілген габариттерін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттен босатылады;"

2) тармақшада:

"шлюз" деген сөзден кейін "және каналдар" деген сөздермен толықтырылсын;

"жасасқан шартқа сәйкес" деген сөздер алып тасталсын;

9) 15-3-баптың 4-тармағындағы "сәйкестендіру" деген сөз "тіркеу" деген сөзбен ауыстырылсын;

10) 15-4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"15-4-бап. Ішкі су көлігі жолдарындағы ішкі су көлігі кемелерін, порттарды, жағалаудағы объектілер мен құрылыстарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптары

1. Кеме қатынасы процесіне байланысты ішкі суда жүзетін кемелер, ішкі су жолдарындағы порттар, жағалаудағы объектілер және құрылыстар қауіптілігі жоғары аймақтар болып табылады және Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

2. Ішкі суда жүзетін кемелерді, ішкі су жолдарындағы порттарды, жағалаудағы объектілер мен құрылыстарды пайдалануды жүзеге асыратын жеке немесе заңды

тұлғалар Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі туралы заңнамасы талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.

3. Кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын кемелер және олардың тұрағына арналған базалар (құрылыстар) Шағын көлемді кемелерді және олардың тұрағына арналған базаларды (құрылыстарды) техникалық қадағалау жөніндегі қағиданың талаптарына сәйкес келуі тиіс.

4. Кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын кемелерді және олардың тұрағына арналған базаларды (құрылыстарды) техникалық қадағалауды уәкілетті орган бастапқы, жыл сайынғы және кезектен тыс техникалық куәландырулар жүргізу арқылы, сондай-ақ арнайы және бақылап қарап-тексеруді жүргізу жолымен жүзеге асырады.

5. Кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын кемелерді және олардың тұрағына арналған базаларды (құрылыстарды) пайдалану Шағын көлемді кемелерді және олардың тұрағына арналған базаларды (құрылыстарды) пайдалану қағидасына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын өздігінен жүзетін кемелердің кеме жүргізушілері кеме жүргізушілерді даярлау жөніндегі бағдарлама бойынша оқытылуы және олардың шағын көлемді кемені басқару құқығына куәлігі болуы тиіс.

Шағын көлемді кемені басқару құқығына куәлік беруді, кеме жүргізушілерді даярлау бағдарламасын келісуді және шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстарды тіркеуді уәкілетті орган Кеме жүргізушілерді шағын көлемді кемені басқару құқығына аттестаттау қағидасына сәйкес жүзеге асырады.";

11) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"16-бап. Кемелерді сыныптау және олардың техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету

1. Кемелерді сыныптауды және олардың техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін техникалық байқау мемлекеттік монополияға жатады және оны Кеме қатынасы тіркелімі жүзеге асырады.

2. Сыныптауға және техникалық байқауға олардың тиесілігіне қарамастан, ішкі су жолдарында пайдалануға арналған ішкі суларда жүзетін кемелер мен "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелер жатады, олар:

1) жолаушылар кемесі;

2) басты қозғалтқыштарының қуаты елу бес киловатт (жетпіс бес ат күші) және одан астам болатын жолаушыларға арналмаған ішкі суларда өздігінен жүзетін кемелер;

3) сыйымдылығы тіркелімдік сексен тонна өздігінен жүзетін және өздігінен жүзбейтін кемелер.

3. Кеме қатынасының тіркелімі кемелердің техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік тапсырысқа сәйкес кемелерді сыныптауды және куәландыруды жүзеге асыруға міндетті.

Бұл ретте кеме иесінің кінәсінен қайтадан куәландыру, кезектен тыс куәландыру, кемелерді жөндеуді, оларды жасау мен жаңғыртуды байқау кеме иесінің есебінен жүзеге асырылады.";

12) 17-бапта:

1) тармақшадағы "уәкілетті орган" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "уәкілетті орган белгілеген" деген сөздер алып тасталсын;

8) тармақшада:

"кемелердің командалық құрамының адамдарын аттестаттау ережелеріне" деген сөздер "Кемелердің командалық құрамының адамдарын аттестаттау қағидасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

"уәкілетті орган" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) шағын көлемді кемелерді және шағын көлемді кемелерге арналған база-тұрақтарды техникалық қадағалауды жүргізу;"

24) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"24) паромды өткелдерді мемлекеттік тіркеуді жүргізу арқылы жүзеге асырады.";

13) 18-бап, 19-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы алып тасталсын;

14) 20-баптың 5-тармағының үшінші бөлігіндегі "кемелерді лоцмандық алып өту туралы ережелерде" деген сөздер "Кемелерді лоцмандық алып өтуді жүзеге асыру қағидасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 22-бапта:

1-тармақтағы "тіркелімге алынған пунктiнiң, бiрдейлендiру нөмiрiнiң," деген сөздер "тіркелімге алынған пунктiнiң, тіркеу нөмiрiнiң," деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта "бiрдейлендiру" деген сөз "тіркеу" деген сөзбен ауыстырылсын;

16) 23-баптың 1-тармағының бiрiншi абзацындағы "уәкiлеттi орган" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкiметi" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 26-бапта:

тақырыбы "Кеменi" деген сөзден кейiн ", оның iшiнде шағын көлемдi кеменi" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақтағы "бiрдейлендiру" деген сөз "тіркеу" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Егер оқиғаға ұшырау нәтижесінде немесе басқа бір себеппен кеме бұрын Мемлекеттік кеме тізіліміне немесе кеме кітабына енгізілген техникалық параметрлерге сәйкес келмей қалса, уәкілетті орган белгілеген тәртіппен кемені мемлекеттік қайта тіркеу жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының меншігіндегі және мемлекеттік органдардың өздеріне жүктелген функцияларды орындауы үшін коммерциялық мақсаттарда пайдалануы да кемеңі қайта тіркеу үшін негіз болып табылады.";

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік кеме тізілімінде ішкі суларда жүзетін кемелер және ішкі су жолдарында пайдалануға арналған "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелер тіркеледі, олар:

1) жолаушылар кемесі;

2) бас қозғалтқышының қуаты елу бес киловатт (жетпіс бес ат күші) және одан артық болатын жолаушыларға арналмаған өздігінен жүзетін кемелер;

3) сыйымдылығы тіркелімдік сексен тонна және одан астам өздігінен жүзетін және өздігінен жүзбейтін кемелер.

6. Шағын көлемді кемелер кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жатады.";

18) 32-бапта:

тақырыбы "жасалып жатқан кемеңің" деген сөздерден кейін ", оның ішінде шағын көлемді кемеңің" деген сөздермен толықтырылсын;

мәтінде "жасалып жатқан кемеңің" деген сөздерден кейін ", оның ішінде шағын көлемді кемеңің" деген сөздермен толықтырылсын;

19) 6-тарау мынадай мазмұндағы 32-1 және 32-2-баптармен толықтырылсын:

"32-1-бап. Кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу

1. Кемеңің ипотекасын уәкілетті орган сол кеме тіркелген тізілімге тіркейді.

2. Жасалып жатқан кемеңің ипотекасы жасалып жатқан кемеге меншік құқығы тіркелген, жасалып жатқан кемелердің тізілімінде тіркеледі.

3. Осы Заңның 24-бабының 7 және 11-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын көтеріп жүзу құқығы уақытша берілген шетелдік кемеңің ипотекасын, сондай-ақ шетелдік алушы үшін жасалып жатқан кемеңің ипотекасын Қазақстан Республикасында тіркеуге болмайды.

4. Кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасы мемлекеттік тіркеу туралы өтініш берілген күні тіркеледі.

5. Кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу тәртібі Кемеңі, оның ішінде шағын көлемді кемеңі және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидасында айқындалады.

6. Кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті берумен куәландырылады.

7. Кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркегені және кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын бергені үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен алым алынады.

32-2-бап. Шағын көлемді кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу

1. Шағын көлемді кемеңің ипотекасын уәкілетті орган сол шағын көлемді кеме тіркелген кеме кітабына тіркейді.

2. Шағын көлемді кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы өтініш берілген күні шағын көлемді кемеңің ипотекасы тіркеледі.

3. Шағын көлемді кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу тәртібі Кемеңі, оның ішінде шағын көлемді кемеңі және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидасында айқындалады.

4. Шағын көлемді кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу шағын көлемді кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті берумен куәландырылады.

5. Шағын көлемді кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркегені және кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын бергені үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен алым алынады.";

20) 33-баптың 4-тармағында:

"Көлік кемесі" деген сөздер "Кеме" деген сөзбен ауыстырылсын;

"уәкілетті орган" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 34-бапта:

1-тармақтағы "кемелер экипаждары мүшелеріне диплом беру туралы ережелерге" деген сөздер "Кемелер экипаждарының командалық құрамының адамдарына және басқа да мүшелеріне диплом беру және оларды аттестаттау қағидасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Кемелер экипаждарының мүшелеріне диплом беру, сондай-ақ ішкі су жолдарында пайдаланылатын кемелердің командалық құрамының адамдарын аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссияларын құру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.";

3-тармақтағы "уәкілетті орган" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 35-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "уәкілетті орган" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 36-баптың 3-тармағының 3) тармақшасындағы "порт капитанын" деген сөздер "уәкілетті органның аумақтық бөлімшесін" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 45-бап алып тасталсын;

25) 47-баптың 1-тармағында:

", сондай-ақ ішкі су көлігінде технологиялық байланысты пайдалануы" деген сөздер алып тасталсын;

"уәкілетті орган" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 50-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"50-бап. Жолаушылар мен багажды тасымалдау тәртібі және түрлері

1. Ішкі су көлігі ұсынатын жолаушыларды тасымалдау оның шарттарына, ұзақтығына, қашықтығына және сапасына қарай:

- 1) көліктік;
- 2) туристік;
- 3) экскурсиялық түрлерге;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де түрлерге бөлінеді.

2. Жолаушыларды тасымалдау қатынас түрлеріне қарай:

1) халықаралық – Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттер арасындағы тасымалдау;

2) республикаішілік – Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан елді мекендер арасындағы тасымалдау болып бөлінеді.

3. Әкімшілік-аумақтық белгісіне қарай жолаушылар мен багажды республикаішілік тасымалдау:

1) облысаралық – әртүрлі облыстардағы жөнелту және межелі пункттер арасында жүзеге асырылатын немесе елді мекендерді республикалық маңызы бар қалалармен, астанамен жалғастыратын тасымалдау;

2) ауданаралық (облысішілік қаларалық) – бір облыс шегіндегі, әртүрлі аудандарда орналасқан елді мекендер арасында жүзеге асырылатын немесе облыстық маңызы бар қалаларды елді мекендермен жалғастыратын тасымалдау;

3) ауданішілік – бір аудан шегіндегі елді мекендердің арасындағы тасымалдау;

4) қала маңындағы – елді мекеннің белгіленген шекарасынан бастап өлшенетін, ұзақтығы елу километрге дейінгі қала маңы аймағындағы елді мекенмен жалғастыратын маршруттар бойынша тасымалдау;

5) қалалық – қаланың белгіленген шекарасының шегіндегі тасымалдау болып бөлінеді.

4. Жолаушылар мен багажды тасымалдау тәртібін және түрлерін (бұдан әрі – жолаушыларды тасымалдау қағидасы) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.";

27) мынадай мазмұндағы 51-1-баппен толықтырылсын:

"51-1-бап. Әлеуметтік маңызы бар тасымалдауды ұйымдастыру

Жолаушылар мен багажды әлеуметтік мәні бар тасымалдауды ұйымдастыруды, олардың маршруттарын бекітуді, оларға қызмет көрсету құқығына конкурстар ұйымдастыру мен өткізуді және маршруттар бойынша қозғалыс кестелерін бекітуді:

1) ауданаралық (облысішілік қаларалық) қатынаста – облыстардың жергілікті атқарушы органдары;

2) қалалық және қала маңындағы қатынаста – өзінің заңдық құзыры шегінде аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары;

3) ауданішілік қатынаста – аудандардың жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

Жолаушыларды әлеуметтік мәні бар тасымалдауларды ішкі су көлігімен жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушылардың залалдары бюджет қаражаты есебінен субсидияланады.";

28) 56-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі "уәкілетті орган" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздермен ауыстырылсын;

29) 61-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "уәкілетті орган" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздермен ауыстырылсын;

30) 63-баптың 2-тармағының бірінші абзацында:

"кемелерді", "ережелеріне" деген сөздер тиісінше "Кемелерді", "қағидасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

"уәкілетті орган" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздермен ауыстырылсын.

18. "Жарнама туралы" 2003 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 24, 174-құжат; 2006 ж., № 15, 92-құжат; № 16, 102-құжат; 2007 ж., № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 17, 79, 82-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат):

11-баптың 2-тармағында:

1) тармақшадағы "ортақ пайдаланудағы" деген сөздердің алдынан "халықаралық және республикалық маңызы бар" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) тиісінше облыстық немесе аудандық маңызы бар ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде жарнама объектісін орналастыру кезінде - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен облыстың немесе ауданның жергілікті атқарушы органы белгілі бір мерзімге беретін құжат;"

19. "Лицензиялау туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 2, 10-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар, № 9-10, 47-құжат; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 17, 79, 81, 82-құжаттар; № 18, 84, 85-құжаттар; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 111, 112-құжаттар):

16-баптың 1) тармақшасы мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"жолаушыларды облысаралық қалааралық, ауданаралық (облысшілік қалааралық) және халықаралық қатынастарда автобустармен, шағын автобустармен тасымалдау;"

20. "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 16, 128-құжат):

1) 6-баптың 2) тармақшасындағы "әзірлеу жатады." деген сөздер "әзірлеу;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы Заңда, өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.";

2) 9-бап мынадай мазмұндағы 29) тармақшамен толықтырылсын:

"29) Астана қаласының әкімшілік-аумақтық шекарасы шегінде Есіл өзенінің кеме қатынасы учаскесінде су жолы жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз етеді."

21. "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 135-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 20, 87-құжат; № 21, 97-құжат; № 24, 128-құжат; 2009 ж., № 2-3, 21-құжат, № 9-10, 47, 49-құжаттар; № 15-16, 74-құжат; № 17, 78, 82-құжаттар; № 24, 129, 133-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 17-18, 108-құжат):

37-баптың 5-тармағының 5) тармақшасындағы "көрсетілетін қызметтерді" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеу және күтіп ұстау жөніндегі жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді" деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап.

1. Осы Заң:

2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 6, 7-тармақтарын, 15-тармағының 5) тармақшасын және 19-тармағын;

алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 17-тармағының 11) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 1-тармағы екінші бөлігінің қолданылуы 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын.

Ескерту. 2-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 13.01.2015 № 276-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2019 № 249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК